БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 121 (9698) 1955 жылғы 19 июнь Жексенбі

Шығуына 36 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Қазақ ССР Совхоздар министрлігінде (1-бет).

Индия Республикасының Премьер- Министрі Джавахарлал Нерудің Рубцовкадан жүріп кетуі (1-бет).

Джавахарлал Нерудің Магнитогорскіде болуы жайында (1-бет).

Джавахарлал Нерудің Свердловскіге келуі (1-бет).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: **Е. Жүзенов.** — Коммунистердің жеке істерін қарау принципі қатаң сақталсын. **Е. Зайковская.** — Жастар жарысы (2-бет).

Ауыл шаруашылығы экономикасы тақырыбына: Қ. Шәкенов. — Колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығының маңызы туралы (2-3-беттер).

И. Торбенко. — Артельдер біркелкі жұмыс істеуге тиіс (2-бет).

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ӘРІ ҚАРҚЫНДЫ, ӘРІ САПАЛЫ ЖҮРГІЗІЛСІН! **Е. Храмченко.** — Мамлюттіктер сүрлем салмай ма? **Б. Жақыпов.** —Құрылыс салуды қолға алмай отырған колхоздар. **Д. Қабыкеев.** —Алғашқы жұмыстар. **Ш. Хамзин.** —Жаңа астық қоймасы. (3-бет).

Т. Репина. —Оқушылардың туристік жорықтары (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Колхоз, совхоздарда құрылыс жұмыстарының қарқыны күшейтілсін

Жазғы уақыт —құрылыс жұмыстарын қызу жүргізу үшін, атап айтқанда, тұрғын үйлерді, мал қораларын, астық қоймаларын және басқа да құрылыстарды салу үшін ең қолайлы мерзім. Бірақ, мұны облысымыздың жекелеген шаруашылықтарының басшылары әлі ескермей жүр. Мұны құрылыс жұмыстарының басқа салаларын айтпағанның өзінде, облыстамал қораларын жөндеу және жаңадан салудың кәзіргі барысымен де дәлелдеуге болады.

Быйыл облысымыздың колхоздарында сыйырға 156 қора, қойға 80 қора, шошқаға 83 қора, жылқыға 36 қора, бұзауға 128 қора және құс үшін 124 орын жаңадан салынуға тиіс. Мұның үстіне бұрын пайдаланылып келген жүздеген қоралар жөндеуден өткізіліп, тазартылуы керек еді. Алайда колхоз басшыларының құрылыс жұмысына жете назар аудармауының салдарынан бұл уақытқа дейін жаңадан салынатын және жөнделетін қоралардың жартысы да біткен жоқ. Мәселен, 156 сыйыр қорасынан небары 9 қораның құрылысы аяқталып, 54 қораның құрылысы қолға жаңа ғана алынған. Әрине, бұл тәуіге болмайтын факті.

Мал шаруашылығын өркендетуде мал қораларын жөндеудің және жаңадан салудың қандай зор маңызы бар болса, мал азығын сүрлейтін орындарды дайындаудың да сондай зор маңызы бар. Облыстық партия комитетінің пленумы осыны ескере отырып, облыстың колхоздары мен совхоздарында 10 июньнен 10 июльге дейін мал азығын сүрлейтін орындардың құрылысын аяқтау жөнінде айлық жариялауды ұйғарды. Бұл инициатива көптеген колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың тарапынан қызу қолдау тапты. Кәзір оларда мал азығын сүрлейтін орларды, траншеяларды қазу және бұрынғы орлар мен траншеяларды жөндеу, тазарту жұмыстары барған сайын кеңінен өріс алуда.

Мысалға Интернационал МТС-нің Алексей Могунов жолдас басқаратын № 3 трактор бригадасы мүшелерінің жұмысын алайық. Бұл бригада Вильямс атындағы келе жатқандардың бірі Ворошилов атындағы, Пушкин атындағы, Ильич атындағы және Петропавл МТС-тері. Петропавл МТС-і қамтуындағы колхоздарда бұл жұмыс шындап қолға да алынған жоқ. Солай бола тұрса да, бұл жағдай МТС-тің директоры Данилов жолдасты ойландыратын да емес. Демек, Данилов жолдас мал азығын сүрлейтін қамбаларды әзірлеу жұмысына тиісті басшылық жасап жүрген жоқ.

Құрылыс жұмыстарын әрі тез, әрі сапалы жүргізу үшін құрылысшылар бригадаларын тұрақтандырудың, оларды маман кадрлармен толықтырудың және бригадаларды құрылыс материалдарымен жабдықтаудың шешуші маңызы бар екендігі мәлім. Сөйте тұрса да, бұл мәселеге облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының, совхоздар тресінің, облыстық жергілікті өнеркәсіп мекемесінің, облыстық тұтынушылар одағының басшылары айтарлықтай көңіл бөліп отыр деп алмаймыз. Колхоздар мен совхоздарда мал қораларын жөндеуге, жаңадан салуға және мал азығын сүрлейтін орындарды дайындауға қамыс, ағаш, цемент, шифер, қаңылтыр, шеге, терезе әйнектері сияқты материалдар әлі де жетіспейді. Аталған ұйымдардың басшылары бұл материалдарды дайындаттыру және оларды жергілікті жерлерге жеткізу ісін шебер ұйымдастырулары керек еді. Әзірге бұл талап орындалмай келеді.

Мал қораларын салуға ең тиімді және арзан материалдардың бірі—қамыс. Облыстың колхоздары мен совхоздарында жаңадан салынуға тиісті қораларға 140 мың шаршыметрлік және 75 мың сомдық қамыс материалдары дайындалуы керек болса, бұдан дайындалғаны өте аз. Облыстық жергілікті өнеркәсіп мекемесінің (бастығы Соколов жолдас) жергілікті орындары дайындаған қамыс материалдарының сапасы нашар болғандықтан оларды колхоздар мен совхоздар құрылысқа пайдаланудан бас тартын отыр. Мұның өзі кейбір кәсіпорындарының құрылыс материалдарын әрі тез, әрі сапалы өндіруге жауапсыз қарайтындықтарын көрсетеді.

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Рубцовкадан жүріп кетуі

РУБЦОВСК (Алтай өлкесі), 17 июнь. (СОТА). Индия Республикасының Премьер- Министрі Джавахарлал Неру, оның қызы Индира Ганди және оның қасына ерген адамдар бүгін таңертең Рубцовкадан Магнитогорскіге жүріп кетті.

Аэродромда Дж. Неру былай деп мәлімдеді:

—Мен сіздерге меймандостық көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамын. Сіздің кең- байтақ егіс даласы және мені тербелткен сіздің даланың самал желі маған қатты ұнады.

Премьер- Министр Нерумен бірге Совет Одағын аралап жүрген бір топ индия журналистері де Рубцовкадан Магнитогорскіге ұшып кетті.

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Неру Магнитогорскіде

МАГНИТОГОРСК, 17 июнь. (СОТА). Индия Республикасының Премьер- Министрі Джавахарлал Неру және оның қасына ерген адамдар бүгін Магнитогорскіге келді. Аэродромда Дж. Неруді еңбекшілер депутаттарының Магнитогорск қалалық Советі атқару комитетінің председателі К. И. Полухин, еңбекшілер депутаттарының Челябинск облыстық Советінің атқару комитетінің председателі Г. А. Бездомов, СОКП Челябинск облыстық комитетінің секретары Н. В. Лаптев, жұртшылық өкілдері қарсы алды.

Жуырда 25 жыл толатын жас қаланың — Магнитогорскінің еңбекшілері атынан Дж. Неруді қалалық атқару комитетінің председателі К. И. Полухин құттықтады.

Индия Республикасының Премьер- Министрі қошеметпен қарсы алғандық үшін шын жүректен алғыс айтты.

—Сіздер, деді Дж. Неру бұдан кейін, өздеріңіздің қалаңызды жаңа қала деп отырсыздар. Бірақ ол бүкіл дүние жүзіне көптен бері-ақ мәлім. Осында көптеген өнімдер шығарылып, бұл өнімдер сіздің елдің қуатын арттыра түседі.

Дж. Неру бұдан кейін бейбітшілік барлық халықтар үшін қажет деді.

—Біздің бәріміз де деп мәлімдеді ол,— бейбітшілік жолында күресуге тиіспіз.

Қаланың еңбекшілері Дж. Неруді дуовация жасап құттықтады. Жас пионерлер оған және Индира Гандиге орасан үлкен гүл шоқтарын сыйлады. Дж. Нерудің жүріп өткен жолында ұйысқан магнитогорлықтар оған қызу қолшапалақтады. Қаланың көшелері алқызыл матаға былай деп жазылған ұрандармен безендірілді: «Қош келдіңіз!», «Индия-совет достығы жасасын!», «Ұлы Индия халқының өкілдеріне жалынды сәлем!»

Джавахарлал Нерудің Магнитогорскіде болуы

МАГНИТОГОРСК, 17 июнь. (СОТА). Бүгін еңбекшілер депутаттарының Магнитогорск қалалық Советі атқару комитетінің председателі К. И. Полухин Индия Республикасының Премьер- Министрі Джавахарлал Нерудің құрметіне таңертеңгі қонақасы берді.

Бұдан кейін Индияның Премьер- Министрі, оның қасына ерген адамдар, сол сияқты индия журналистерінің делегациясы Европадағы ең ірі Магнитогорскінің Сталин атындағы металлургия комбинатымен бірнеше сағат бойы танысты. Олар магнит тауындағы темір рудниті забойларында болды. Кеншілер қонақтарды жылы шыраймен құттықтап, магнит тауындағы аса бай минералдардың әртүрі салынған корпустарын Неруге сый етіп тартты.

Джавахарлал Неру сонымен қатар коксхимия цехын аралап көрді. Премьер-Министрі ерекше көңіл бөлді. Ең жаңа отандық техникамен жабдықталған сегізінші домна пешінде Дж. Неру мастер А. Шапилиннің бригадасы қорытылған шойынның кезекті тобын қалай шығарып жатқанын ұзақ байқап тұрды, форманың саңылауы арқылы осы орасан үлкен пештің ішіне көз салды. Домнашылар Дж. Неруге Уралдың зерігері Зайков Магнитогорскінің шойынынан құйып жасаған Нерудің скульптуралық портретін сыйлады.

Премьер- Министр мартен пештерін аралап көрді, № 3 блумингтің негізгі басқышына шығып, жоғары көтерілді.

Металлургия комбинатының цехтарында, металлургтердің жаңа, оңжақ жағалаудағы қаласының көшелерінде, аэродромға қайтып барған жол бойында— барлық жерде де мыңдаған еркектер, әйелдер және балалар Джавахарлал Неруді қызу құттықтады.

Аэродромда Магнитогорскінің металлургтері Ленин атындағы Златоус заводының жұмысшылары металдан жасаған гравюраларды қонақтарға сый етіп таратты. Джавахарлал Неруге — Мохандас Каранчанда Гандидің портретін, Индира Гандиге —Дж. Нерудің портретін сыйлады. Индия халқына сый ретінде «халықтар достығы» дейтін гравюра тапсырылды. Металлургтердің балалары Индияның Премьер- Министріне сыйлау үшін оның портретін, сонымен қатар Магнитогорск металлургия комбинатының панорамасын ағаштан құйдіріп жасап берді.

Индия Республикасының Премьер- Министрі Джавахарлал Неру және оның қасына ерген адамдар Магнитогорскіден да Неру жылы шырайлы сөз сөйлеп, бұл сөзінде оларға өз халқының достық сәлемін тапсырды.

Еліміздің кәсіпорындарында

Айнажск балық заводында (Латвия ССР) балықты тоңазытатын жаңа тоңазытқыш қатарға қосылды. Жаңа тоңазытқыш салу Скултенск балық заводында да аяқталды. Колкадағы және Ройдағы заводтарда балық сүрлейтін жаңа цехтар пайдалануға берілді. Ригаға таяу жерде сменасына 14 мың банк консерві жасап шығаратын балық заводы салынып жатыр. Кәсіпорны үстіміздегі жылы қатарға қосылады.

* * *

Львовте жаңа нан заводы салынып жатыр. Львов облысының селолық аудандарында механикаландырылған он нан пісіретін орын салынуда. Городок және Винника аудан орталықтарында жаңа екі нан пісіретін орын пайдалануға берілді. Олардың әрқайсысының өнімділігі —тәулігіне 5 тонна нан-булка заттарын пісіріп шығарады. Кәсіпорны жергілікті қоңыр көмірмен және шымтезекпен жұмыс істейтін пештермен жабдықталған.

* * *

Ужгородтың шет аймағында мебель комбинаты салынып жатыр. Ол Кеме жасау өнеркәсіп министрлігінің тәжрибе- мастерскойы негізінде құрылады. Комбинат жыл аяғында қатарға қосылады, мебель өндіру 5 есе артады.

* * *

Свердловскіде ССРО Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігінің автомобиль жөндеу заводы салынып жатыр. Оның жобалы қуаттылығы жылына 3 мың жүк автомашинасын күрделі жөндеуге лайықталған. Кәсіпорын Свердловск, Челябинск, Молотов, Тюмень және басқа облыстардың заводтары мен фабрикаларын қамтыйтын болады.

* * *

Станиславта (Украина) құрастырмалы темірбетон конструкциялы завод салынуда. Мұнда сол сияқты гипспен және цементпен қапталған тетіктер шығарылатын болады. Бұл кәсіпорындағы барлық процестер механикаландырылды. Заводтың алғашқы кезегі үстіміздегі жылы қатарға қосылады.

Орта мектепті бітірушілер

мысын жүргізеді. Бригада мүшелері 10 июльге дейін колхоздың қоғамдық малын сүрлем азықпен қамтамасыз етуге жетерліктей орлар мен траншеяларды қазып бітіру үшін күресуде. Тракторшылар Яков Яуфман, Михаил Чешков жолдастар 5 жұмыс күні ішінде 1500 текшеметрлік екі траншея қазды.

Бірақ, облыстың колхоздарында, МТС-терінде және совхоздарында Могунов жолдас басқарған бригададағы озаттар сияқты алдыңғы қатарлы құрылыспылардың іс тәжрибелері кеңінен насихатталмай келеді. Бұл жөнінде кейбір жергілікті партия. совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдары мен шаруашылық орындарының басшылары мардымды жұмыс істей алмай отыр. Осы себепті облыстың колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда мал азығын сүрлейтін орындардың құрылысын салу қарқыны өте-мөте баяу болып отырғанын атап айту керек.

Облыс колхоздарында үстіміздегі жылы 902 мың 800 текшеметрлік орлар мен траншеялар қазылуы керек еді. Осыдан 15 июньге дейін 129 мың 918 текшеметрлік ғана орлар мен траншеялар қазылды. Мал азығын сүрлейтін орындар құрылысын салуда кешіргісіз артта қалып

[illegible] МТС-терге, совхоздарға жеткізуде облыстық және аудандық тұтынушылар одақтарына зор міндеттер жүктеледі. Бұл орындар құрылысқа деп бөлінген материалдарды бөгемей, сындырып бұлдірмей тез жеткізуге тиіс. Ал, облыстық тұтынушылар одағы өзінің бұл міндетін орындамай отыр. Бұл мекеменің қоймаларында құрылысқа қажетті материалдар аз емес. Бірақ оны жергілікті жерлерге жеткізуді ойластырып отырған тұтынушылар одағының басшылары жоқ.

Коммунистік партия таяудағы жылдардың ішінде мал шаруашылығының негізгі өнімдерін екі есе және екі еседен де аса көбейту міндетін қойып отыр. Бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру үшін, демек малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру үшін малды қунарлы азықпен қамтамасыз етумен бірге жылы, жайлы қоралармен де қамтамасыз етудің ерекше маңызы бар. Олай болса, мал қораларын жөндеу, жаңадан салу жұмыстарында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, құрылыстың әрі тез, әрі сапалы аяқталуына жетісу керек. Мал азығын сүрлейтін орындарды дайындау, олардың құрылысын 10 июльге дейін аяқтау жолындағы күресті күшейте түсу қажет.

Малды жайып семіртудің бағалы тәжрибесі

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). «Большевик» совхозы мемлекетке ет есебіне 156 еркек бұзау тапсырды. Олардың өркайсысының салмағы нормада белгіленгендігіден 16-25 килограмм артық. Шалғындықтарда тағы да біржарым мың сыйыр малы, қой жайып семіртілуде. Олардың бәрі қондануына қарай ет комбинатына жеткізіледі.

Соңғы жылдарда совхоздың малшылары малды жайып семірту мен бордақылаудың бағалы тәжрибесін жыйнақтады, мемлекетке ет тапсыруды жылдан-жылға арттыруда. Ет өндірудің өзіндік құны соңғы үш жылда ғана екі есе кемітілді. Мұнда төлді өсіріп жетілдіру әдісі кеңінен қолданылады. Сыйыр малының салмағы 500 килограмға жеткенге дейін олар ет комбинатына тапсырылмайды. Қыста малға жеткілікті мөлшерде жемшөп пен су беріледі. Арықтаған мал көктемде жайып-семіртілетін табынға қосылады, олардың

жас және басқа ерекшеліктері ескеріледі. Өрістерде мал жаюдың, суарудың және малды демалдырудың белгіленген тәртібі қатаң орындалады. Күн ыссы болса мал түнде жайылады және оған қосымша көкшөп беріледі.

Совхоз үстіміздегі жылы жайып семіртілетін табын құруды басқа совхоздардан бұрын аяқтады және алдыңғы қатардағылардың бірі болып ет тапсыра бастады. Мал топ-тобымен емес, неғұрлым қоңды малды іріктеп алу әдісімен тапсырылады.

Малды жайып семіртудегі қол жеткен табыстары үшін «Большевик» совхозы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы болып бекітілді. Совхоз өндірісінің 40-тан аса озаты Москваға барады. Бұлардың қатарында жайып семіртілетін табын бригадирі Әміржанов, бақташы Мәдиев, Дүтбаев, Комкаров, Жүспаев және басқалары бар.

Беде көп пішен беруде

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Облыстың колхоздарында беде шабу басталды. Панфилов ауданының Молотов атындағы артелінде жұмыс істейтін Жәркент МТС-інің Афанасьев басқарған бригадасының механизаторлары әрбір трактор агрегатымен күніне 25 гектардан беде шабуда. Пішен өнімі барлық жерде бірдей жақсы. Дауров жолдас басқарған егіс бригадасында беденің гектарынан 25 центнерден аса пішен алынуда. Беде тез өсуі үшін шабу алдынан үш-төрт күн бұрын суарылады. Шабылған пішен мал қыстайтын жерлерге тасылуда. Мал фермаларының маңында алғашқы маялар үйілді.

Джавахарлал Нерудің Свердловскіге келуі

СВЕРДЛОВСК, 17 июнь. (СОТА). Индия Республикасының Премьер- Министрі және Сыртқы Істер Министрі Джавахарлал Неру мен оның қасына ерген адамдар бүгін Магнитогорскіден осында келді.

Аэродром Индия Республикасы мен Совет Одағының жалауларымен безендірілген. Алқызыл маталарда хинди және орыс тілдерінде былай деп жазылған: Премьер- Министр Неруге сәлем! Қош келдіңіз!

Қонақтарды Свердловск қалалық Советі атқомінің председателі И. И. Муравьев, облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары А. И. Быков, облыстық партия комитетінің секретары А. М. Кутырев, қаланың көптеген еңбекшілері қарсы алды.

И. И. Муравьев Джавахарлал Неруге арнаған қысқаша сөз сөйледі.

—Свердловскінің еңбекшілері, — деді ол,—Сіздің біздің Уралдың жеріне келіп, бүкіл совет халқының ұлы Индияның халықтарына көрсетіп отырған терең достық сезімдерін Сізге білдіріп отырғанына қуанады.

Джавахарлал Неру жауап сөзінде былай деді:

—Мен сіздердің үлкен қалаларыңызда да, шағын селендеріңізде де болдым. Барлық жерде де бізді шын жүректен сүйсініп, қабыл алды. Мен бұған дейін-ақ сіздің елдің жайын білетін едім, ол туралы көп оқып, оның прогресіне назар аударып келдім. Бірақ мұның барлығын кітаптардан оқыпаннан тәрі өз көзіммен көргенім анағұрлым жақсы.

Джавахарлал Неру гүлдермен, Индия Республикасының, Совет Одағының ұлттық жалауларымен безендірілген ашық машинаға отырып, қалаға жүріп кетті.

Свердловскінің көшелерінде оны Уралдың ондаған мың еңбекшілері қуттықтады. Мынадай ұрандар айтылды:

—Совет Одағы мен Индия Республикасының халықтары арасында достық жасасын!

—Ұлы Индия халқы жасасын!

—Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жасасын!

Бүгін Свердловскіге бір топ индия журналистері де келді.

алды

ОМСК, 17 июнь. (СОТА). Омскінің № 72 орта мектебінің дирекциясы бағалы инициатива бастады. Ол жергілікті ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесіне оныншы класс оқушыларын ауылшаруашылық машиналарымен таныстыруды сұрап тілек білдірді.

Бір топ оныншы класс оқушылары комбайнды үйренді. Оқушылар оқудан бос уақытта аптасына екі рет өздері үшін ұйымдастырылған үйірменің жұмысына қатысып отырды. Жуырда үйірменің барлық мүшелері сынақты ойдағыдай тапсырды. Олар тезарада комбайншылардың көмекшілері болып жұмыс істеуге право алады.

Мектеп өзінің бұл бастамасын баянды етуді ұйғарды. Алдағы оқу жылында жоғары класс оқушылары үшін екі үйірме— комбайншылар және тракторшылар үйірмелері ұйымдастырылатын болады.

Қазақ ССР Совхоздар министрлігінде

Жүгері және басқа отамалы дақылдардың егістігін өңдеудің қанағаттанғысыздығы туралы

Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің коллегиясы республика совхоздарында жүгері және басқа отамалы дақылдар егістігін өңдеу мүлде нашар қарқынмен жүргізілп келеді деп тапты. 10 июньге дейін отамалы дақылдардың егістігін алғашқы рет өңдеу жалпы егіс көлеміне шаққанда: жүгеріден —10,7 процент, картоптан— 4,6 процент, овощтан — 4,7 процент және жемшөптік тамыржемістерден —3,7 процент қана атқарылды.

Жүгері егістігін өңдеуде, әсресе, оңтүстік облыстардың совхоздарында қанағаттанғысыз жағдай орын алды, бұларда дақылды алғышқы рет өңдеу осы мерзімге дейін толық аяқталуға тиіс еді. Алайда, бұл жұмыс Оңтүстік Қазақстан облысының совхоздарында небәрі 45 процент, Алматы облысының совхоздарында 35,3 процент және Талдықорған облысының совхоздарында —бар болғаны 9,2 процент қана атқарылды. Осы күнге дейін Көкшетау және Павлодар облыстарының совхоздары жүгері егістігін өңдеуге кіріскен де жоқ.

Тексеруде анықталғанындай, жүгері және басқа дақылдардың егістігін күтіп-баптау жұмыстарында Талдықорған облысының № 147 жылқы заводында, Ленин атындағы, Киров атындағы совхоздарында, Алматы облысының Қастек асыл тұқымды қой совхозы мен «Дегерес» жылқы заводында елеулі кемшіліктер бар. Бұл шаруашылықтарда жұмыс жоспарлары жасалмаған, жүгері өсіру жөнінде звенолар жеткілікті ұйымдастырылмаған, балалар яслилерін ұйымдастыру шаралары белгіленбеген.

№ 147 жылқы заводында директор Ковалев жолдастың оралымсыздығынан және бас инженер Тотин жолдастың кінәсінен қолда бар «Белорусь» тракторы осы күнге дейін жұмысқа қосылмаған. Ленин атындағы совхозда (директоры Кіребаев, бас агрономы Бондаренко жолдастар) жүгері өңдеуде жүрген адамдардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылмаған. Осы жұмыста істейтін көптеген жұмысшылар жұмыс нормасын, оның ақысын білмейді. № 4 фермада звено мүшелерінің тең жартысы жүгері өңдеуге қатыспайды.

Осы ферманың тракторшысы Морозов жолдас культиваторлардың ақауы барлығынан жұмыста бракқа жол берді, ал агрегаттың жұмысын тексеретін ферманың агрономы Иманбаев жолдас бұл сияқты кемшіліктерді жоюға бағытталған ешқандай шара қолданған жоқ. Участокке алдын ала әзірленбеген кесек тыңайтқыштар енгізілмен, осының салдарынан олар топырақтың бетінде қалып қойды.

Тексерілген шаруашылықтарда осы күнге дейін суару жүйесін салу жұмыстары аяқталмай отыр.

Қастек асыл тұқымды қой совхозында (директоры Шарипов, бас агрономы Юрочкин жолдастар) осы күнге дейін жүгері өсірумен айналысатын звенолар ұйымдастырылмаған. Трактор бригадаларына өңдеуге тиісті жерлер бекітіліп берілмеген. № 5 фермада тұқым құрғақ жерге және 2—3 сантиметр тереңдікке ғана сіңірілген. Сондықтан 10 гектар жердегі жүгері егістігі өте сирек өніп, арамшөптер басып кеткен.

Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің коллегиясы облыстық басқармалардың бастықтарынан және совхоздардың директорларынан жүгері және басқа отамалы дақылдардан мол өнім алуға бағытталған агротехникалық шаралардың барлық комплексін сөзсіз орындауды талап етті. Сонымен қатар совхоздардың, фермалардың, бөлімшелердің жұмыс жоспарларына толықтыру және түзетулер енгізу, оларға жүгеріні график бойынша ұяларда сиретту, қатараралықтарын культиваторлармен өңдеу, тыңайтқыштар енгізу, әрбір тракторшыға, звеноларға жаз бойы екі бағытта үш—төрт рет өңдейтіндей есеппен жүгері егістіктерін бекітіп беру ұсынылды.

Коллегия совхоздардың директорларын, бас агрономдарын және инженер-механиктерін әрбір трактор-егіс бригадасында егістіктерді күтіп-баптау жұмыстарын кеңінен ұйымдастыруды, бұл жұмыстарды барлық шаралар қолдануды қамтамасыз етуге міндеттеді. Маман тракторшылардың тұрақты құрамын бөліп, оларға егістіктер бекітіп беру қажет. Қатараралықтарын өңдеуде тәулік бойы кем дегенде 17—18 сағат жұмыс істейтіндей есеппен тракторлардың екі сменамен жұмыс істеуін ұйымдастырудың маңызы өте зор. Арнаулы отамалы тракторлар мен культиваторлар жеткіліксіз болған жағдайда шынжыр табанды және қос культиваторларды бөлу, ол үшін оларды жүгерінің және басқа отамалы дақылдардың қатараралықтарын өңдеуге бейімдеу және қайта жабдықтау қажет.

Министрліктің коллегиясы Оңтүстік Қазақстан және Талдықорған облыстық совхоздар басқармаларының бастықтары Тучин мен Краснощыков жолдастардың ауылшаруашылық дақылдарын, әсресе жүгеріні күтіп-баптауды нашар ұйымдастырғандықтарын атап көрсетті. Жүгері егістіктерін күтіп-баптау жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізгені, өсімдікті сиретту және қатараралықтарын өңдеуді көшеуілдеткені үшін № 147 жылқы заводының директоры Ковалев, Киров атындағы совхоздың директоры Константинов жолдастарға сөгіс жарияланды, № 147 жылқы заводының бас инженері Тотин жолдасқа «Белорусь» тракторын дұрыс пайдаланбағаны үшін қатаң сөгіс жарияланды.

Жүгеріні сапасыз өңдеуге жол бергені және агрономиялық дұрыс басшылық жасамағаны үшін Ленин атындағы совхоздың № 4 фермасының агрономы Иманбаев жолдасқа қатаң сөгіс жарияланды. Талдықорған облыстық совхоздар басқармасының бастығы Краснощыков жолдасқа Иманбаев жолдасты жұмыста қалдыру, қалдырмау мәселесін қарау тапсырылды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Коммунистердің жеке істерін қарау принципі қатаң сақталсын

Коммунистік партия совет халқын елімізде коммунистік қоғам орнату міндетінде жұмылдырып отыр. Бұл ұлы міндетті нақтылы жүзеге асыру ісінде партия өсінің ұйымдарына және партияның барлық мүшелеріне сүйенеді. Партия мүшелерінің алдына қойылатын зор саяси және моральдық талаптар партияның XIX съезінде қабылданған СОКП Уставында толық сипатталған. Партия мүшесі — партия қарарларын орындау жолындағы белсенді жауынгер. Ол қандай қызметте, қандай участокте болса да практикалық жұмысқа белсене қатысуға тиіс.

СОКП Уставы қойған талаптар мен міндеттер партия мүшелерінің белсенділігін арттырып, оларды саяси жағынан шыныықтырады. Мұны біздің облыс партия ұйымының өмірінен айқын көруге болады. Кәсіпорындары мен транспортта, колхоздар мен совхоздарда, мекемелерде және басқа участоктерде жұмыс істейтін коммунистер партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын жүзеге асыру жолындағы күрескерлер, бұқараның ұйымдастырушысы болып келеді.

Партия ұйымдарының үлкені жүргізіп отырған тәрбие жұмыстарының нәтижесінде өткен жылға қарағанда үстіміздегі жылы партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұрмалаушылардың, партия қатарынан шығарылғандардың саны анағұрлым кеміді. Бұл облыс партия ұйымының ұйымдық жағынан нығайып, саяси шыныққуының нәтижесі екені сөзсіз.

Партия ұйымдарының қатарын онан әрі нығайта беру міндеті коммунистердің, жеке ісін қарау принципін қатаң сақтауды талап етеді. Рас, партия ұйымдары бұл саласа өздерінің жұмысын біраз жақсартты. Коммунистердің тағдырын шешу ісіне баса назар аударатын болды. Бірақ бұдан барлық жерлерде бірдей істің жайы ойлаудай деген ұғым тумайды. Кейбір партия ұйымдарында коммунистердің жеке ісін шешу мәселесіне жеңілжелпі қарау фактілері кездеседі.

СОКП Уставы партиядан шығару туралы мәселені шешерде барынша сақтық істеуді, жолдастық қамқорлық жасауды, партия мүшесіне тағылған айыптардың дәлелді-дәлелсіздігін мұқият тексеруді талап етеді. Солай бола тұрса да кейбір партия ұйымдары коммунистердің жеке ісін шешкенде бұл талапты жете өсермейді. Өткен жылы Приишім ауданы, «Путь Октября» ауылшаруашылық артелінің председателі Г. Н. Тавлуев жолдас кейбір басшы қызметкерлердің нұсқау бермеуі себепті қызмет жөнінде қателік істеді. Ол колхозшыларға аванс беру тәртібін бұрмалады. Бұған дейін Тавлуев жолдас жақсы председательдердің бірі, ешқандай партиялық жаза алмаған, белсенді қызметкер болып келген. Аудандық партия комитеті оның қателігін терең тексерудің орнына, бұл жұмысқа үстірт қарады.

Аудандық партия комитеті Тавлуев жолдастың мәселесін үстірт қарап, оны партия қатарынан шығару жөнінде қарар қабылдаған. Бұл арада аудандық комитет екі қателік істеді. Облыстық партия комитеті аудандық комитеттің қарарын бекітпеді, Тавлуев жолдасты партия қатарында қалдырды. Көзір Тавлуев жолдас партиялық тапсырмаларды абройімен атқарып жүр. Бұл фактіден мынандай қорытынды шығаруға болады: жеңілжелпі жазығы үшін коммунистерге партиялық жазаның ең жоғарғы шарасы болып табылатын партиядан шығару емес, партиялық тәрбие және партиялық ықпал шараларды (қателігін көрсету, сөгіс жариялау) қолданған жөн.

Коммунистердің жеке ісін қараудағы кемшіліктердің бірі сол —кейбір адамдар мемлекетке нұқсан келтіретін қылмыстар істесе де, олар партиялық жазадан тыс қалады, немесе жеңіл жазалар беріледі. Міне, бұл да дұрыс емес. Өзінің қызмет бабын пайдаланып, мемлекет, қоғам мүддесіне нұқсан келтіру, социалистік меншікті талан-таражға салу, немесе мұндайларға жол беру партия қатарында болумен сыйыспайды. Сондықтан мұндай фактілерге қарсы келіссіз күрес жүргізу керек. Бірақ кейбір партия ұйымдары істің жайын тексеруге үстірт қарайды.

Мәселен, Щербановский деген ұзақ уақыт «Деревообделочник» кәсіпшілік артелінің председателі болып істеп келді. Ол артельге келісімен қара басының қамын ойлауға кірісті. Артель мүшелеріне өз үйіне қажетті мебельдер жасатып, бұл мүліктердің жарты құнын да төлемеген. Өткен жазда ол артельдің 5 текшеметр құрылыс ағашын өзі тегін пайдаланған. Бұл фактілердің бәрі партия ұйымына, оның секретары Демин жолдасқа белгілі болды. Бірақ Демин жолдас артель председателінің беделіне сыйып, оның қылмысты істерін елемеген. Осыны пайдаланған Щербановский өзінің бас пайдасын көздеуді, артель мүлкін талан-таражға салуды онан әрі өрістеді. Тек соңы кезде ғана төменнен көтерілген дабыл бойынша Щербановскийдің жат қылықтары ашкереленіп, ол партиядан шығарылды. Егер бастауыш партия ұйымы кәсіпорны администрациясының жұмысына бақылауды күшейтіп отырса, мұндай жағдай кездеспеген болар еді.

Партия ұйымдары коммунистердің жұмысындағы кемшіліктерді кезінде ашып, ол кемшіліктерді жоюдың жолдарын ескертіп отыруға тиіс. Шаруашылықты басқаруда жайбарақаттық пен жауапсыздыққа жол беруге болмайды. Жұмыстағы кемшіліктерді ашудың және оны жоюдың практикада сыналған әдісі—сын мен өзара сынды кеңінен өрістету. Партия ұйымдары кәсіпорындарының, колхоздар мен совхоздардың, мекемелердің жұмысындағы кемшіліктер жөнінде хабарлаған еңбекшілердің хаттарына кезінде құлақ асып отыруға тиіс. Өйткені совет адамдары мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуына мүдделі, олар біздің ілгері басуымызға бөгет жасайтынның қайсысына болсын төзе алмайды.

Бұл жұмыста адал адамдарды жалақорлардың кінәлауына жол бермеу керек. Жалақорлар сынды сылтау етіп, жалған айыптар ойлап шығаруға дейін барады. Олар өздерінің бас араздығы үшін, күлқыншылдық ниеті үшін адал адамдарға жала жабуға тырысады.

Бір мысал: Ленин ауданы, «Орталық» колхозында Е. Тілеужанов деген жалақорлықты кәсіп еткен, адал адамдарды кінәлауға тырысқан. Ол колхоз басшылары жөнінде жоғары орындарға іс жүзінде болған фактілерді жазбай, әртүрлі өтіріктерді, қыйсынсыз лақаптарды хабарлау ісімен шұғылданған. Жалақор Тілеужанов партия қатарынан шығарылды.

Жалақорлар жеке адамдарға ғана зиян келтіріп қоймайды. Олар партия ұйымдарының назарын шын кемшіліктерді ашып жоюдан басқаға аударады.

Партия ұйымдары коммунистер арасындағы саяси-тәрбие жұмысын үлкені жақсартып, олардың өндірістік белсенділіктерін арттыра беруге тиіс. Коммунистердің жеке ісін қарау принципі барлық жерлерде қатаң сақталуға тиіс. Мұның өзі партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін арттыру ісіне зор үлес қосады.

Е. ЖҮЗЕНОВ,
ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

Көлдетіп суарудың жаңа системасының құрылысында

ҚАРАТӨБЕ (Батыс Қазақстан облысы) (ҚазТАГ). Далалықпен ағатын шағын өзенде көлдетіп суарудың жаңа системасының құрылыстарын салу өрістеді. Қалдығайт көлдетіп суару системасын салуға Өленді және Фурманов машина-мелиорация станцияларының және бес МТС-тің механизаторлары қатысуда. Бір ай жұмыс істегенде жалпы ұзындығы 267 километр тоспаларға 400 мың текшеметрдей құм топырақ үйілді.

Бүгін бетондау жұмыстары басталды. Жүкті өздігінен түсіретін 50деп аса машина карьерлерден құрылыс материалдарын тасып жеткізуде. Құрылыста шынжыртабанды ондаған трактор, бульдозер, скрепер, тас ұсатқыш, бетон араластырғыш, жөндеу мастерскойы жұмыс істейді. Өзеннің жағасында тұрғын үйлер, асхана, монша салынып жатыр. Мұнда енді біраздан кейін жаңа поселке орнайды.

16 мың гектар шабындық жерді суаратын жаңа системаның құрылысы екі жылға созылуға тиіс. Құрылысшылардың коллективі жер қазу жұмыстарының бәрін үстіміздегі жылы аяқтап, бетондау жұмыстарын 70 процент орындауға міндеттеме алды.

Жол механизаторларының алғашқы тобы

Қазақ ССР автомобиль транспорты мен тас жолдар министрлігінің оқу орындары Басқармасының Алматыдағы автомобиль мектебінде жол механизаторлары автогрейдершілердің, тракторшылардың және экскаватор машинистердің алғашқы тобы оқу бітірді. Олар Қазақстан мен Алтайдың тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан аудандарында астық тасыйтын жаңа жолдар салуға жіберілді.

Егіс автолабораториясының біртоп лаборанттары жұмысқа кірісті. Моторлы малалардың моторшылары оқу курсын аяқтап келеді. Мектеп жол механизатор жадрын даярлауға арналған жаңа техника алды.

Алматы облысының колхоздары мен совхоздарының өтініші бойынша автомобиль мектебін Нарынқол, Еңбекшіқазақ, Қаскелең аудандарында курстар ұйымдастырды, бұларда 150-ге жуық шофер оқыйды.

Быйылғы жылы мектеп түрлі мамандығы бар екі мың механизатор даярлап шығарады.

Эконом-географиялық экспедиция

Қазақ ССР Ғылым академиясының эконом- географиялық экспедициясының отрядтары Оңтүстік Қазақстан мен Талдықорған облыстарынан қайтып келді. Бұл облыстардың көзіргі кездегі халық шаруашылығының жайы, өнеркәсіп пен ауыл



Петропавл қалалық аппараттарды үнемі күтіп ұстайды байланыс мекемесінің техниті А. Сергеев жолдас және олардың қандай да болса техникалық себептермен жұмыс істемей тоқтап қалуына жол бермейді.

СУРЕТТЕ: техник А. Сергеев жолдас аппараттардың жұмысын тексеріп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Артельдер біркелкі жұмыс істеуге тиіс

Қаладағы «Ударник» кәсіпшілік артелі өткен айда өндірістік жоспарды 110,1 процент етіп орындады. Бұл — коллективтің өнімді еңбек етуінің нәтижесі. Мұнда ондаған еңбек озаттары бар. Мысалы, озат сағат жөндеуші мастер Атажанов күнделікті тапсырмасын 350 процент орындайды. Артельдің Полещук, Нуртдинов жолдастар сыяқты жұмысшылары да сменалық тапсырмаларын 250—300 процент орындайды. Соның нәтижесінде олардың есімдері облыстық кәсіпшілік советінің Құрмет тақтасы мен құрмет кітабына жазылды.

Октябрь ауданындағы «15 лет Казахстана», Булаев ауданындағы «Красный партизан», қаладағы «Труд» артельдері айлық, тоқсандық жоспарларын үнемі асыра орындауда. «Труд» артелі көктемгі дала жұмыстарында қажырлы еңбек етіп жатқан механизаторларға арнап, шаптараздар мен фотографтардың 8 бригадасын жіберді. Олар қос бастарында болып, механизаторларды қамтуда едәуір жұмыстар істеді.

Алайда облыстағы кәсіпшілік кооперацияларының барлығының жұмыс дәрежесі бірдей деп айтуға болмайды. Кейбір кәсіпшілік кооперациялары және олардың қамтуындағы артельдер өлі күнге өнімді мол шығаруда, еңбек өнімділігін арттыруда, өнімнің өзіндік құнын арзандатып, сапасын жақсарта түсуде бірқатар кемшіліктерге жол беріп отыр. Тіпті кейбір артельдер тұтынушылар тілегін қанағаттандыра алмай келеді. Шығаратын өнімдердің ассортименттері аз.

Бұған Конюхов ауданындағы «Керамик» артелі өткен жылы кірпіш жасайтын автоматты жаңа агрегат алғанымен, оны әлі күнге дейін жұмысқа қосқан жоқ.

Ал «Красная звезда» артелі шикі кірпіш кептіретін сарай салу жұмысын қолға алмаған. Артельдегі бригада құрамы іс білетін мамандармен толықтырылмаған. Жұмысшылардың тиімді еңбек етуі үшін оларды дұрыс орналастыру ісі де ойластырылмаған.

Көзір біздің облысымызда тың және тыңайған жерлердің игерілуімен байланысты МТС-терде, совхоздарда және колхоздарда көптеп салынып жатқан жаңа құрылыстар үшін күйдірілген кірпіш аса қажет болып отыр. Осы мақсатпен кірпіш өндіретін артельдер ай сайын 1,3 миллион жай кірпіш және 1 миллион күйдірілген кірпіш өндіруге тиіс еді. Бірақ бұл жоспардың орындалмай отырғанын артельдердегі жұмыстың көзіргі барысы анық көрсетіп отыр.

Сондықтан да күйдірілген кірпішті өндірудегі және шикі кірпіш жасаудағы кемшіліктер тез жойылып, шикі резервтер толық пайдаланылатын болуы керек. Ол үшін кәсіпшілік кооперациясы қызметкерлері кірпіш өндіретін агрегаттарды тиімді пайдаланып, жұмысшылардың өнімді еңбек етуін қарастырғаны, артельдерде өз ісін жақсы білетін мамандармен қамтамасыз етілгені жөн.

«Красная звезда» кірпіш өндіру артельдерін мысалға алуға болады. Бұл артельдер өздеріне жүктелген міндетті атқара алмауда. Артель басшылары қолда бар күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалана білмейді. «Керамик» артелі өткен жылы кірпіш жасайтын автоматты жаңа агрегат алғанымен, оны әлі күнге дейін жұмысқа қосқан жоқ.

Ал «Красная звезда» артелі шикі кірпіш кептіретін сарай салу жұмысын қолға алмаған. Артельдегі бригада құрамы іс білетін мамандармен толықтырылмаған. Жұмысшылардың тиімді еңбек етуі үшін оларды дұрыс орналастыру ісі де ойластырылмаған.

Көзір біздің облысымызда тың және тыңайған жерлердің игерілуімен байланысты МТС-терде, совхоздарда және колхоздарда көптеп салынып жатқан жаңа құрылыстар үшін күйдірілген кірпіш аса қажет болып отыр. Осы мақсатпен кірпіш өндіретін артельдер ай сайын 1,3 миллион жай кірпіш және 1 миллион күйдірілген кірпіш өндіруге тиіс еді. Бірақ бұл жоспардың орындалмай отырғанын артельдердегі жұмыстың көзіргі барысы анық көрсетіп отыр.

Сондықтан да күйдірілген кірпішті өндірудегі және шикі кірпіш жасаудағы кемшіліктер тез жойылып, шикі резервтер толық пайдаланылатын болуы керек. Ол үшін кәсіпшілік кооперациясы қызметкерлері кірпіш өндіретін агрегаттарды тиімді пайдаланып, жұмысшылардың өнімді еңбек етуін қарастырғаны, артельдерде өз ісін жақсы білетін мамандармен қамтамасыз етілгені жөн.

ЖАСТАР ЖАРЫСЫ

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын орындай отырып, ауданның комсомолецтері мен жастары көктемгі егісті жоғары агротехникалық дәрежеде мерзімінен бұрын өткізуге өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, социалистік жарысқа белсенді араласқан болатын. Ауданда барлығы 32 комсомол-жастар трактор бригадалары ұйымдастырылды. Көптеген бригадалардың өзінде комсомол ұйымдары құрылып, олар жас механизаторлардың социалистік жарысының барысын үнемі бақылап отырды. Сартомар МТС-індегі № 5 трактор бригадасының комсомол ұйымында (секретары Айдаров жолдас) ұйымдастыру және бұқаралық -саяси жұмыс жақсы жолға қойылды. Бұл бригаданың комсомолецтері Кожукалов, Сазонов, Мочалов, «ДТ—54» тракторында жұмыс істеп, күн сайын өздерінің сменалық нормаларын асыра орындады. Комсомол ұйымы жастардың өндіріс тік белсенділіктерін әрдайым қолдаумен бірге, еңбекке немқұрайды қараушыларды, жалқауларды өткір сынға алып отырды. Социалистік жарыстың барысы «Молния» листоктарында, көрсеткіш тақталарда бейнеленді.

Шаглы МТС-нің № 13 комсомол-жастар трактор бригадасында да жастардың социалистік жарысы жақсы ұйымдастырылды. Бұл бригаданың комсомолецтері мен жастары көктемгі егіс кезінде 10 жұмыс күні ішінде 2290 гектар алаңға дәнді дақылдар егу жөнінде көтеріңкі міндеттеме алған болатын. Жастар бұл міндеттемелерін аброймен орындап шықты.

Аудандық комсомол комитеті көктемгі егіс кезіндегі социалистік жарыста жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін және пар жыртуда, тың көтеруде көктемдегі қарқынды бәсендетпей, жемісті еңбек етіп жүргені үшін Сартомар МТС-нің № 5 комсомол -жастар трактор бригадасына бірінші орын беріп, оны аудандық комитеттің ауыспалы вымпелімен сыйлады. Ал бригада мүшелеріне аудандық комсомол комитетінің мақтау қағазы және арнаулы сыйлықтар берілді.

Е. ЗАЙКОВСКАЯ.

дарда өнеркәсіпті жаңа қалалар—Ленгірде, Текеліде, еліміздің аса ірі Мақтарал мақта совхозында, «Күйік» қаракөл қой совхозында Бетпақдала шөнгелінен меңгерілген Жетісай мақта егістік жерінде, басқа да объектілерінде болған өзгерістер туралы көңіл аударарлық материалдар жыйнақталды. Экспедицияның басқа үш отряды Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарында онан әрі жұмыс жүргізуде.

Экспедицияның жұмысы нәтижесінде Республиканың ғылым академиясының география секторы Қазақ ССР-нің осы облыстарының эконом-географиялық монографиясын жасайды. (ҚазТАГ).

мик» және Полудень ауданындағы

И. ТОРБЕНКО.

ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫНДА

Петропавл темір жол торабының жұмысшылары, өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың үндеуіне жауап ретінде, ішкі резервтерді мейлінше толық пайдалану жолындағы социалистік жарысты өрістете түсті. Күн асқан сайын ауыр салмақты составтар жүргізуші машинистердің қатары өсіп, көбейіп келеді. Тек май айының өзінде тағы ауыр салмақты поездың машинистері 900 мың тонна халықшаруашылық жүктерін тасыды. Машинистер Несперенко, Акимов, Балашов, Бессонов және тағы басқа да көптеген жолдастар өткен айда өрқайсысы 10- 13 ауыр салмақты составтар алып жүрді.

Паровоз жөндеуде депо цехтарының барлығында тораптық әдіс қолданылды. Көзір депода 40-тан астам слесарьлар келесі бесжылдықтың есебіне жұмыс істеп жүр. Ал 18 жұмысшы 1960 жылдың тапсырмасын толық орындап болды. Паровоз айналымы да бұрынғыдан әлдеқайда тездетілді.

Л. ПРОХОРОВА.

Ауыл шаруашылығы экономикасы тақырыбына

Колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығының маңызы туралы

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы таяудағы 5-6 жыл ішінде астықтың жалпы түсімін жылына 10 миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі және екі еседен артық өндіру міндетін қойды. Жоғары өркендеген және онан әрі де өркендетіле беретін ауыр индустрия негізінде бұл міндетті орындауға қажетті мүмкіншіліктер толық жеткілікті.

Аса ірі халықшаруашылықтық міндеттерді жүзеге асыруда партия мен үкмет колхоздардың қоғамдық шаруашылығын әрдайым өркендетіп отыруға зор маңыз беріп келеді. Социалистік шаруашылықты жүргізудің лениндік принциптерін басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия колхоз өндірісін қуатты қарқынмен онан әрі де өркендетуде колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығын арттыру жөнінде соңғы кезең ішінде бірқатар маңызды шараларды жүзеге асырды.

1. КОЛХОЗДАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ

Колхоздар меншіктің екі формасына—мемлекеттік және кооперативтік-колхоздық меншіктерге негізделген. Мемлекеттік, жалпыхалықтық меншік колхоз өндірісінде басты орын алады. Өйткені ауыл шаруашылығында негізгі өндіріс құралы —жер, ал ол мемлекеттік меншік болып табылады. «Колхоз,—деп жазды И. В. Сталин,—әдеттегіден өзгеше кәсіпорын. Колхоз көптен бері-ақ колхоздық меншік емес, жалпыхалықтық меншік болып табылатын жерде жұмыс істейді, ол жерді ұқсатып отыратын жердің иесі емес.

Онсоң. Колхоздың өзі колхоздық меншік емес, жалпыхалықтық меншік болып саналатын негізгі өндіріс құралдарының жәрдемімен жұмыс істейді». («СССР-да социализмнің экономикалық проблемалары» Алматы, 1952 ж., 95-бет).

Совет мемлекеті колхоздардың ақысыз-пұлсыз, мәңгілікке пайдалануына 580 миллион гектар шамасында ауылшаруашылық жер берді. Мұның өзі революцияға дейін деревня кедейлері мен орташаларының қолында болған жерден 4,5 есе дерлік артық. Біртұтас жер сілемдерінің жасалуы және оның колхоздардың мәңгілікке пайдалануына берілуі колхоз өндірісінің қуатты өркендеуі үшін көз көрмеген мүмкіншіліктер туғызды.

Жерді толық және өнімді пайдалануға колхоздардың ынталылығын арттыру және олардың бұл істе шаруашылық инициатива көрсетуіне мүмкіндік жасау мақсатында партия мен үкмет 1940 жылы мемлекетке міндетті түрде өнім тапсырудың гектарлық принципін енгізді. СОКП Орталық Комитетінің соңғы Пленумдарында қабылданған қарарларда да осы гектарлық принципті қатаң сақтау талап етілді.

Ауыл шаруашылығын жоспарлау жөнінде биылғы жылы жүзеге асырылған реформаның да жерді нағұрлым толық және өнімді пайдалану үшін зор маңызы бар. Жоспарлаудың жаңа тәртібі ауылшаруашылық жерлерін барынша толық және тиімді пайдалануға және нақтылы топырақтық-климаттық және шаруашылық жағдайларға сәйкес егістік, шабындық және жайылымдық жерлердің әрбір 100 гектарынан өнім өндіруді ұлғайтуға колхоздардың ынталылығын арттырады.

Басты өндіріс құралы ретінде жердің ерекшелігі мынада: басқа өндіріс құралдарының бәрі де (машиналар, құрал-саймандар және т. б.) тозады, ал жер, оны дұрыс пайдаланса, тозбақ түгіл жақсарып түседі. «Жердің өнімділігін,— деп жазды Энгельс, —капитал жұмсаумен, еңбек жұмсаумен, білім жұмсаумен шексіз арттыра беруге болады» (К. Маркс және Ф. Энгельс, Шығармалар, II-том, 312-бет).

Жерді суліктей сорып, тоздырумен болатын шаруашылықтың капиталистік системасына қарағанда, шаруашылықтың социалистік системасы ауылшаруашылық жерлердің құнарлылығын ұдайы арттырып отыруға бұрын көз көрмеген мүмкіншіліктер туғызады. Мұны озат колхоздар мен совхоздардың тәжрибесі айқын көрсетіп отыр.

Жерді рационалды пайдалану, қазіргі заманғы техникамен қоғамдық еңбекті өнімді пайдалану ірі және көп салалы коллективті шаруашылық жағдайында ғана мүмкін. Жердің өнімді пайдаланылуы, деп көрсетті талай рет Маркс пен Ленин, ең алдымен ауыл шаруашылығында қолданылатын еңбек құралдарына, ғылыми техникаға тәуелді. Маркстік бұл қағиданы онан әрі дамыта келіп, И. В. Сталин біздің елімізде ауылшаруашылық өндірісі өсуінің қайнар бұлағы МТС-терде шоғырланған қазіргі заманғы техникада деп көрсетті.

МТС- тердің негізгі міндеті —ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын ұдайы арттыруды және қоғамдық мал басын есіріп қана қоймай, сонымен қатар оның өнімділігін арттыруды, өз қамтуындағы колхоздардың жалпы және товарлы өнімін ұлғайтуды қамтамасыз ету. Бұл аса маңызды міндетті орындап шығу үшін МТС-тер колхоздарда еңбекті көп керек ететін жұмыстардың бәрін де механикаландырып, ғылым мен озат тәжрибе жетістіктерін колхоз өндірісіне енгізіп отыруы керек. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы механикаландыру негізінде еңбек пен қаражатты неғұрлым аз жұмсап, шаруашылық жұмыста барынша көп жетістікке жету міндетін қойды.

Мемлекеттік өндіріс құралдарын колхоз өндіріс құралдарымен ұштастыру трактор бригадаларының жұмыстарын колхоздардың өндірістік бригадаларының жұмыстарымен ұштастыруды да талап етеді. Бұл социалистік еңбек кооперацияның аса маңызды принципі болып табылады.

Қоғамдық шаруашылықтың табыстылығы ауылшаруашылық дақылдарының мол өнімі мен қоғамдық мал шаруашылығының өсіп отыратын өнімділігінен құралады. Қоғамдық шаруашылықтың табыстылығын арттырудың басты жолы колхоз өндірісінің дәрежесін әрдайым арттыру, өндірілген өнім единицасына жұмсалған еңбекті азайта отырып, жалпы және товарлы өнімді ұлғайту болып келді және солай болып қала да береді.

Сонымен бірге, колхоздардың қоғамдық шаруашылығының табыстылығын арттыруда қала мен деревня арасындағы экономикалық айналыс та маңызды роль атқарады. В. И. Ленин былай деп көрсетті: «Пролетариат пен шаруалардың арасында дұрыс қарым-қатынастың болуы. . . осы екі таптың экономикалық одағының әбден тұрақты формаларын жасау өнеркәсіп пен егіншіліктің арасында үздіксіз товар айырбасын немесе өнім айырбасын жүргізбейінше мүмкін емес» (Шығармалар, 32 том, 461-бет).

Социалистік меншіктің екі формасының болуы және осыдан келіп, социализм тұсында товарлы өндірістің өмір сүруі қала мен деревня арасындағы экономикалық айналыстың негізі болып табылады. Қала мен деревня арасындағы экономикалық айналыс жұмысшы табы мен колхозшы шаруаларға өзара тиімді болу негізінде, колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығының артуы негізінде кеңейтіліп отырады.

Колхоздарға негізгі өндірістік көмекті мемлекет МТС-тер арқылы береді. МТС-тер колхоздар мен жасалған договорларға сәйкес аса маңызды ауылшаруашылық жұмыстарын орындайды, ал колхоздар бұл үшін заттай ақы төлеу түрінде есеп айырысады. Өзінің экономикалық мазмұны жағынан МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу—өндірістің және МТС қызметкерлерінің қоғамға және өзіне жұмсаған еңбегінің шығындарын заттай толтыру деген сөз. Заттай ақы төлеудің өзгешелігі, оның ауылшаруашылық өнімдерін мемлекетке тапсырудың басқа формаларынан ерекшелігі міне осында.

Заттай ақы төлеу қала мен деревня арасындағы өндірістік байланысқа, ал қала мен деревня арасындағы товарлы байланысқа мемлекетке міндетті түрде өнім тапсыру, өнімді контрактация бойынша тапсыру және колхоз өнімінің артылғаны мемлекеттің сатып алуы сияқты ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың негізгі түрлері сәйкес келеді.

Колхоздар өзінің товарлы өнімдерінің негізгі бөлегін мемлекетке өткізеді. Сондықтан да ауылшаруашылық өнімдерінің экономикалық жағынан негізделген дайындау және сатып алу бағалары колхоздардың табысын молайтуда зор роль атқарады. Социалистік мемлекет социализмнің экономикалық заңдарын және құн заңын саналы түрде пайдалана отырып, ауылшаруашылық өнімдерінің бағаларын жоспарлайды. Дайындау және сатып алу бағаларын жоспарлағанда мыналар ескеріледі:

а) қайсыбір ауылшаруашылық өнімінің халықшаруашылықтық маңызы және оны өндірудің колхоздарға экономикалық тиімділігі;

б) бағалар механизмі арқылы колхоздар табысының бір бөлегінің жалпы мемлекеттік мүдделерді, оның ішінде колхоздар мен колхозшылардың қоғамдық мүдделерін де қанағаттандыруға керекті орталықтандырылған қорға қосылуын қамтамасыз ету;

в) құн заңының талаптарын ескере отырып, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге жұмсалған шығындардың орнын толтыру.

Мал шаруашылығы өнімдерінің, картоп пен овощтың дайындау және сатып алу бағалары (ескі бағалары) бұл өнімдердің ақыйқат құндарына соңғы кезде сәйкес келмегенін ескеріп, партия мен үкмет колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайту және колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығын арттыру мүдделеріне сәйкес дайындау және сатып алу бағаларын қымбаттатуға ұйғарды. Мемлекетке міндетті түрде тапсырылатын мал мен құстың дайындау бағалары 5,5 еседен де артық, сүт пен ет бағалары—екі есе, картоп бағалары—2,5 есе, овощтардың бағасы орта есеппен 25—40 процент қымбаттатылды. Сонымен бірге сатып алу бағалары да шамамен 30 процент арттырылды.

Бұл шаралардың бәрі колхоздардың экономикасын өркендетуге иді әсер етуде. Колхоздар мен колхозшылардың ақшалай табыстары едәуір артты. Еліміздің колхоздары мен колхозшылары мемлекетке тапсырған және сатқан өз өнімдері үшін 1953 жылы, 1952 жылмен салыстырғанда, 12 миллиард сом, ал 1954 жылы 25 миллиард сом артық алды. Жалпы алғанда ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың ішінде мемлекеттік сатып алудың үлес салмағы өсіп келеді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында 1954 жылы колхоздар 1951 жылға қарағанда, мемлекетке етті 14,3 есе, сүтті 2 еседен де көп артық сатты. Егер 1951 жылы колхоздар секторы бойынша етті мемлекеттік сатып алу жалпы дайындаудың ішінде 2,1 процент қана болса, 1954 жылы ол 30,2 процентке жетті.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің артуы өнімдер мен шикізатты дайын-

Құрылыс жұмыстары әрі қарқынды, әрі сапалы жүргізілсін!

☆ ☆ ☆ ☆

Мамлюттіктер сүрлем салмай ма?

Үстіміздегі жылы Мамлют ауданының колхоздарында 2565 гектар жүгері, жыңдаған гектар күнбағыс және біржылдық шөп егілді. Жүгері мен күнбағыстың жасыл шаршылары ерте көтеріліді. Бұл дақылдардан өнімнің мол алынатын түрі бар. Оларға қажетті кезеңді өңдеулер де жүргізілуде. Колхозшылар мен механизаторлардың бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін міндеті —сүрлем құрылыстарын дайындауды мейлінше жедел жүргізу, траншеялар қазуды кеңінен механикаландыру және оларды шегендеуді ұлғілі ұйымдастыру. Ауданның бірқатар колхоздары бұл міндетті ойдағыдай аткарып келеді де.

Вишневка селосы. Мұнда Интернационал МТС-нің Алексей Могунов жолдас басқаратын № 3 трактор бригадасы жұмыс істейді. Бұл бригада Вильямс атындағы колхозды қамтыйды. Мал қоралары іргесінен бастан-ақ созылған аткал топырақ. Трактор моторының зор күрілі жер жаңғыртқанмен өзі көрінбейді. Әлдеқ ұлыстта соңына жатаған скрепер тіркеуін «ДТ-54» тракторы керіне бастады.

—Траншея даяр, жоспар орындалды, —дейді тракторшы Яков Ядорман.— Бір жетіде 1500 текшеметр топырақ қаздым. Енді овощ сақтайтын траншея дайындауға кірісесің, —дейді тракторшыға Могунов жолдас.

Могунов жолдастың бригадасындағы траншея қазу әдісі өте тиімді. Мұнда тракторлар тәулігіне 20 сағат тоқтаусыз істейді. Әрбір тракторшы сегіз жұмыс сағаты ішінде 400 текшеметр балшық қазады. Ал жоспар 95 текшеметр.

Амал не, бұл бастама ауданның басқа колхоздарынан, бригадаларынан қолдау тапқан жоқ. Былыс жемшөп сүрлеу мөлшері өткен жылдардағыдан өлшеуге артты. Үстіміздегі жылы аудан колхоздары 39200 тонна сүрлем дайындайтын траншея әзірлеуге тиіс. Колхоздарда өткен жылдардан бері пайдаланылып келе жатқан орлар мен траншеяларды есепке алғанда, соған үстеме 78.400 текшеметр траншея қазу міндеті тұр.

Солай бола тұрса да, МТС және колхоз басшылары осы уақытқа дейін бұл істі ышқан қолға алмай отыр.

Аудандағы үш МТС-тің өрқайсысында төрт-төртеуден жатаған скреперлер бар. Бірақ, олар іске толық пайдаланылмайды. Мәселе осында. Мысалы, «Завет Ильича», Жданов атындағы және Кагановичатындағы колхоздарда өткен айтада 300—400 текшеметрден ғана траншея қазылған.

Сүрлем құрылыстарын әзірлеу Вильямс



Мамлют ауданындағы Интернационал МТС-інде құрылыс жұмыстары кең өріс алуда. Мұнда стандартты типтегі жөндеу мастерскойының құрылысы аяқталып, оны монтаждау, жабдықтау жұмыстары басталды.

МТС- те тұрғын үйлер де көптеп салынуда. Көптеген механизаторлардың семьялары жаңадан салынған пәтерлерге көшті. Былыс механизаторлар тұратын жатақхана пайдалануға берілмек.

СУРЕТТЕ: құрылысшылардың жөндеу мастерскойының қабырғаларын штукатуралап жатқан кезі.

Суретті түсірген **А. Мануйлов.**

Құрылыс салуды қолға алмай отырған колхоздар

Булаев ауданының колхоздары үстіміздегі жылы жаңадан көптеген мал қораларын, астық қоймаларын, колхозшылар үшін тұрғын үйлер салуды жоспарлаған болатын. Мұндай жоспарды бекітіп, колхозшылар өздерінің күш-мүмкіншіліктеріне, жейбір құрылыс материалдарын жергілікті жердің өзінде дайындауға болатындығына, құрылыс жұмыстарын жүргізу қолынан келетін шебер адамдарға сүйенді.

Бірақ, амал не, көптеген колхоздардың басшылары жоспарда көрсетілген құрылыстардың қалтқысыз орындалуын қанағаттанғысыз ұйымдастырып келеді. Мәселен, «Красное знамя» колхозы сыйыр қора, бұзау қора, шошқа қорасын және 2000 құс сыятын бір сарай, сыйымдылығы 5000 центнерлік астық қоймасын жаңадан салуды жоспарлаған-ды. Осы уақытқа дейін колхозда құрылыс жұмыстары қолға алынған жоқ. Бұл колхозда адам күші мол, тамаша құрылыс шеберлері де бар. Амал не, колхоз председателі Морин жолдас болмаңы сылтауларды бетке ұстап, құрылыс бригадаларын ұйымдастырмай-ақ келеді. Колхозға Конюхов орман шаруашылығынан 600 текшеметр құрылыс ағашы босатылды. Морин (директоры Елкин жолдас) бұл колхоздарда құрылыстар салу жұмыстарының тәзгісіз бетімен жіберілгенін біледі де. Бірақ, олар колхоздардағы жаңа құрылыстардың ойдағыдай жүргізілуіне көмектесуді өздерінің міндеті деп есептемейді. Тіпті, Елкин жолдастың «құрылыс жұмыстарын жүргізу колхоз басшыларының ісі» деген теріс және өте зиянды пікірдің шырмауынан шыға алмауы қынжылартық-ақ іс. МТС-те штат бойынша құрылыс жұмыстарын басқаратын техник болуға тиіс. Ал осы техниктің жоқтығына жылға жуық уақыт өтті.

Рас, ауданда жекелеген колхоздар құрылыстар салуға әзірлік жұмыстарын ертеден-ақ қолға алды. «Гигант», «Победа», Коминтерн атындағы колхоздар құрылыс материалдарын дайындауды, оларды құрылыс салынатын орындарға тасып жеткізуді ойдағыдай жүргізуде. Сол сияқты буларда арнаулы құрылыс бригадалары бар. Олар құрылыстар салуды басқа шаруашылық жұмыстарымен қатар жүргізіп келеді. Амал не, осындай жақсы инициатива барлық колхоздардың игілігіне айналдырылмайды.

Июнь айының бас кезінде аудандық

Алғашқы жұмыстар

«Аралағаш» колхозында (Совет ауданы) 12 адамнан құрылыс бригадасы ұйымдастырылып, олар жаңа құрылыс салуға кірісе бастады. Бригаданы С. Исин жолдас басқарады. Бригададан алты адам саман кірпіш жасауға бөлінді. Олар кәзіргідің өзінде алты мыңдай кірпіш жасады. Бұл жөнінде жексенбіліктер ұйымдастырылып, оған мектеп оқытушылары белсене қатысуда. Соңғы бір жексенбілікте ғана оқытушылар күшімен 500 саман кірпіш жасалды.

Құрылыс бригадасының мүшелері жаңа құрылыстар салумен бірге ескі қораларды жөндеу жұмыстарын да қызу жүргізуде. Кәзір мұнда екі жүз бас қарамал сыятын қора, 350 жас мал тұратын қора жөндеуден өткізілді. Өткен жылы салынған колхоз кеңсесінің төбесі шиферланды. Ағаш шеберлері жабық қырмандарға қажетті құрылыс материалдарын дайындауда.

Колхоз құрылысшылары үстіміздегі жылы мектеп үйінің құрылысын, астық қоймасын, 100 сыйырлық және 50 бұзаулық қораларды салуға тиіс. Бұлар үшін қажетті құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету ісін колхоз басқармасы жақсы ұйымдастырып келеді.

Дегенмен колхоз басқармасы құрылыс жұмыстарын толық меңгере алмай отырғанын атап көрсеткен жөн. Колхозда әлі күнге дейін не монша, не клуб жоқ. Жұпыны ғана клуб үйі болушы еді, ол соңғы жылдары астық қоймасы ретінде пайдаланылып жүр. Фермаларды құдықпен қамтамасыз ету ісі де нашар. Әсресе қысқы маусымда қоғамдық малды суару жұмыстары қиын болып жүр. Мұның өзі мал шаруашылығы өнімдерінің төмен болуына әсерін тигізіп келеді. Сол сияқты, мал шаруашылығындағы еңбекті кәп керек ететін жұмыстарды механикаландыру, осының негізінде малшылардың еңбегін жеңілдету, еңбек өнімділігін арттыру көніндегі шаралар да қанағаттанғысыз жүзеге асырылуда.

Колхоз басшылары істе орын алып отырған кемшіліктерді жоюдың шұғыл шараларын қолдануы, құрылыс жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге ішкі мүмкіншіліктерді бұрынғыдан да тәрі тиімді пайдалануды ұйымдастырулары қажет.

Д. ҚАБЫКЕЕВ.

Жаңа астық қоймасы

«Бостандық» колхозының (Приешім ауданы) мүшелері колхозда жаңа құрылыстар салу ісіне жыл сайын ерекше көңіл аударып келеді. Өткен жылы мұнда колхозшылар үшін 30 тұрғын үй салынды. Жаңа құрылыс салуды үстіміздегі жылы да ойдағыдай жүргізу мақсатымен арнау-

Оқушылардың туристік жорықтары

Біздің елімізде жас ұрпақтарды оқытуға және тәрбиелеуге, олардың өмірге деген көзқарастарын қалыптастыруға зор көңіл бөлінген. Сонымен қатар олардың білімді және дені сау, шыныққан азамат болып өсуіне қажетті жағдайлардың барлығы да жасалған.

Пионерлер мен оқушылардың жазғы туристік жорықтары оларға мектепте алған білімдерін практикада қолдануға, өздерінің ден саулықтарын шынықтыруға, сөйтіп қоғамдық пайдалы еңбекке араласуға мүмкіншілік беретін шаралардың бірі. Жыл асқан сайын оқушылардың туристік жорықтарға деген ынталылығы артып, бұған жергілікті ұйымдар тарапынан назар аударушылықтың күшейіп отырғанды оған айқын дәлел.

Жас ұрпақтардың жазғы дем алысын ойдағыдай және пайдалы түрде өткізу мақсатымен 1953 жылы республиканың көптеген облыстарында оқушылардың туристік жорықтары мен экскурсияларын ұйымдастыратын облыстық экскурсиялық-туристік станциялары ұйымдастырылған болатын.

Өткен жылы біздің станция 8 мыңға жуық экскурсанттарды қамтыған еді. Петропавл қаласының, Соколов және Мамлют аудандарының оқушылары үшін өткен жылы 4 туристік жорық ұйымдастырылды.

Станция коллективі жас ұрпақтарды тәрбиелеу жолында быйылғы жылы да бірқатар шараларды жүзеге асырды. Тек үстіміздегі жылдың өткен 5 айы ішінде біз 272 экскурсиялық топ ұйымдастырып, оған 6667 оқушыларды қатыстырдық. Қыс күндері қаланың және қалаға жақын жердегі селолық мектептердің оқушылары қаладағы кәсіпорындарының жұмыстарымен ондағы жаңа техникамен және бұл техникаларды пайдалану әдістерімен танысты. Сол сияқты өндіріс ошаттарының өңгімелері ұйымдастырылды.

Жаз айларында экскурсияның мазмұны да, мақсаты да қыс айындағыдан басқаша. Бұл кездегі экскурсия комплекстік бағыт алып, туристік жорықтар ретінде өткізіледі.

Біздің облысымызда оқушылар үшін қызығылықты жерлер көп. Әсресе, тарихи және тарихи-революциялық ескерткіштер де аз емес. Мұнда қола ғасырында өмір сүрген адамдардың қорғандары мен зыраттары, скиф-сармат заманындағы адамдар мен XII-XV ғасырларда көшпелілердің тұрмысын анғартатын ескерткіштер бар.

Облысымыздың солтүстік аудандарында 1752 жылы Сибирь отырықшыларын және Россия қарауына көшкен қазақтарды Орта Ертіс бойында тұрған жоңғарлардың жаулаушылық шабуылынан қорғау үшін патша үкметі орнатқан қорған қалықтары әлі күнге дейін сақталған. Ал Петропавлда Николай I жер аударған декабристер Цебриков, Лаппо, Кожевников, атақты ертегі «Конек-Горбуноктың» авторы жазушы П. П. Ершов болған үйлер бар. Сол сияқты мұнда Қазақстанда ең бірінші рет орнаған тері заводының ескі үйі де сақталған. Бұл үйдің салынғанына кәзір 120 жылдан асып кетті.

1905-1907 жылғы бірінші орыс революциясының дәңкты оқиғалары да Петропавлға өз ізін қалдырмай кеткен жоқ. Жұмысшылардың мейрамдары мен жиналыстарының орны болған Пестрое көлі, қалалық парк, аэропорт ауданы—тарихи жерлердің бірі.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы күндерімен байланысты тарихи орындар да Петропавлда аз емес. Кәзір қаламызда ең бірінші партия комитеті, бірінші қалалық Совет, Қызыл гвардия штабы тұрған үйлер сақталған. Азамат соғысы жылдарында Қызыл Армияның ақ бандаларды талқандаған тарихи жерлері Краснов, Мамлют, Приешім, Петропавл, Ленин, Соколов және Полудень аудандарының территорияларында көптеп кездеседі.

Облыстық драма театрының үйі тарихи маңызы бар оқиғалар болған жер. Мұнда 1920 жылы 21 ноябрьде Петропавл Советінің кеңейтілген мәжілісінде Михаил Иванович Калинин, 1934 жылы 26 сентябрьде облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде Сергей Миронович Киров сөз сөйлеген болатын.

Біздің станция селолық мектептерден экскурсияға келетін оқушыларды қабылдау үшін 75 орындық жатақхана жабдықтады. Сонымен қатар олардың қаланың тарихи және өнеркәсіп орындарымен толық танысуына барлық жағдайлар жасалған. Қала мектептерінің және Булаев ауданының біртоп оқушылары быйылғы жылы Москва қаласына экскурсияға баратын болады. Ал Совет ауданының оқушылары Свердлов және Сталинград қалаларына, Петропавл ауданының оқушылары Есілкөл жеміс питомнигіне барады.

Туристік станция облыстық жас техниктер станциясымен бірлесе отырып, Булаев ауданында ұйымдастырылған жаңа совхоздарға оқушылардың онкүндік жорығын ұйымдастырғалы отыр. Мұнда олар патриоттардың өмірімен, ауылшаруашылық техникаларымен танысады, жүгеріні күту жұмыстарын жүргізеді, сол сияқты еңбекшілерге өз күштерімен кинолар көрсететін болады.

Оқушылардың туристік жорықтарын ұйымдастыру—зор тәрбиелік маңызы бар жұмыс. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары, халық-ағарту органдары мен мектеп басшылары жаз айларында оқушылардың туристік жорықтарын ұйымдастыруға жан-жақты түрде көмек көрсетуге тиіс.

Т. РЕПИНА.

Балалардың облыстық экскурсиялық туристік станциясының директоры.

дарда да мүлдем қанағаттанғысыз. Мұнда жалғыз Молотов атындағы колхозда ғана 250 текшеметр траншея қазылған. МТС қамтуындағы басқа колхоздарда не траншея қазу, не ескі траншеяларды тазарту жұмыстары жүргізілмеген.

Жемшөп сүрлеуде биыл едәуір жаңалық бар. Өйткені сүрлемнің дені суттеніп қамырланған жүгері болады. Бұл барлық траншеялардың қабырғаларын міндетті түрде шөгендеуді талап етеді. Дәл осы мәселені мамлюттіктер ескеріп отырған жоқ.

Сүрлем құрылысын жандандыратын мезгіл жеткен жоқ па?

Е. ХРАМЧЕНКО.

дарына тасуды ұйымдастыруды да ешбір себепсіз кешеуілдетуде.

Калинин атындағы колхоз мал қораларының тапшы болуынан өткен қыста көп қыйындықтарға кездесті. Жаз шығысымен колхоз басшылары сол қыйындықтарды ұмытып кетті. Сөйтіп, олар жаңа мал қораларын салуды әлі күнге дейін ұйымдастырмай отыр. Колхоз председателі Грибинюк жолдас құрылыстар салу жұмысын дереу жүргізуді ұйымдастырудың орнына, түрлі желеулерді бетке ұстап, өзінің бұл жұмысты басқармай, ұйымдастырмай отырғанын ақтауға тырысады.

Аталған колхоздарды Калинин атындағы МТС қамтыйды. МТС басшылары

тар салудың жайы жөнінде кеңес өткізді. Кеңесте жоспарлы құрылыстарды салуға нашар басшылық жасап отырған колхоз, МТС басшылары сыналды. Сонымен бірге, бірқатар колхоз, МТС басшылары жаңа құрылыстар салу жұмысын дереу ұйымдастыратындықтарын айтты. Содан бері он шақты күн өтті. Бірақ, көп колхоздардың басшылары өздерінің сөздерінен қорытынды шығарған жоқ.

Аудан басшылары бұл жағдайды көрсетіп тұра, құрылыс жұмыстарын дереу қолға алуды МТС, колхоз басшыларынан талап етпейді.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

„Ленин туының“ дабылынан кейін

„Құрылыс жұмыстарына дайындық жоқ“

«Ленин туы» газетінің үстіміздегі жылғы 4 майдағы номерінде осы тақырыпта мақала жарияланған болатын. Онда Булаев ауданындағы Карл Маркс атындағы колхозда жаңа құрылыстар салу ісіне өзірлік жұмыстарының ұмыт қалып отырғандығы жөнінде айтылған-ды.

Бұл мақала колхоз партия ұйымының жыйналысында талқыланды. Жыйналыс колхоз председателі Елеубаев жолдасқа колхозда мал қораларын салуға өзірліктің және құрылыс жұмыстарының баяу жүргізіліп отырғандығын атап көрсетті. Сонымен бірге құрылыс жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізудің нақтылы шаралары белгіленіп жүзеге асырылуда. Қоғамдық құрылыстармен қатар, колхозшылардың тұрғын үйлерін жөндеу және жаңадан салу үшін 10 июньге дейін құрылыс үшін 10 мың саман кірпіш дайындалды.

Колхозда құрылыс жұмыстарының барысына аудандық партия комитеті таранынан бақылау тағайындалды.

И. МАРУК,
ҚКП Булаев аудандық комитетінің Калинин атындағы МТС аймағы жөніндегі секретары.

даудың және сатып алудың ұлғайтылуы үшін негіз жасайды. Бұл арада селодағы негізгі сауда ұйымы ретінде тұтынушылар кооперациясы көрнекті орын алады. Бұдан басқа, тұтынушылар кооперациясы колхоздар мен колхозшылардан өнім қабалдап, оны колхоз рыноктарында сатып береді.

Мемлекет советтік сауданың маңызды, құрамды бөлегі болып табылатын колхоз саудасын қала мен дала арасындағы товар айналысын онан әрі кеңейту мүдделеріне және қала халқын ауыл шаруашылығы өнімдерімен жабдықтауды жақсартуға пайдаланады. Мемлекет колхоз рынокгіндегі бағаны реттеп отырады. Колхоз саудасы колхоздар мен колхозшылардың өз өнімдерінің артығын іске ұқсатудан қосымша табыс алуына мүмкіндік жасайды. Оның маңызы да осында.

2. КОЛХОЗДАРДЫҢ ТАБЫСЫН БӨЛУ ЖӘНЕ КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЫНТАЛЫЛЫҒЫ

Марксизм-ленинизм материалдық игіліктерді бөлу тәсілдері өндіріс тәсіліне тәуелді болады деп үйретеді. Материалдық игіліктерді бөлудің құрылымы материалдық өндірістің құрылымымен және мақсатымен белгіленеді. Марксизм-ленинизмнің бұл қағидасы бүкіл социалистік халық шаруашылығының бөлінбейтін бөлігі ретіндегі колхоз өндірісіне де толық сай келеді. Колхоз өндірісінің социалистік негізі колхоздарда өндірілген қоғамдық өнімнің бөліну сыйпатын анықтайды.

Колхоздарда табыс бөлу өндіріс нәтижелерін пайдаға асырудың баяу, селсоқ процесі емес, қайта ол колхоз өндірісінің өркендеуіне белсенді түрде ықпал жасау құралдарының бірі болып табылады. Колхоз өнімін дұрыс бөлу колхоздар мен колхозшылардың колхоз өндірісін қуатты өркендетуге материалдық ынталылық принципін іс жүзінде жүзеге асыруға, мемлекеттің, колхоздар мен колхозшылардың мүдделерін дұрыс ұштастыруды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Шаруашылық жылының ішінде қоғамдық шаруашылықта өндірілген бүкіл өнімнен жалпы өнім құралады. Колхоздардың жалпы өнімінің ішінде МТС-тер мен колхоздар жұмсаған өндіріс құралдары және колхозшылар мен МТС қызметкерлері қайтадан жұмсаған жаңа еңбек түрінде бейнеленетін еңбек шығындары болады.

Колхоздың қоғамдық, жылдық өнімін бөлу, ауылшаруашылық артелінің Уставында баяндалған принципке сәйкес, социализмнің негізгі экономикалық заңының, халық шаруашылығының жоспарлы (пропорционалды) даму заңының және еңбекке қарай бөлудің талаптарын жүзеге асыру деген сөз. Мемлекеттің, колхоздар мен колхозшылардың мүдделерін толығымен ұштастыра отырып, мұның өзі қоғамдық шаруашылықтың барлық саласын жоспарлы өркендетуді және колхозшылардың өл- ауқатын арттыруды қамтамасыз етеді. Табыстарды бөлудің негізіне мыналар жатады:

а) мемлекет алдындағы өзінің барлық міндеттемелерін дерекзінде орындау, сөйтіп, социалистік ұлғаймалы ұдайы өндіріске және бүкіл халық шаруашылығын (колхоздардың өздері де оның бөлінбейтін бөлегі болып табылады) онан әрі өркендете беруге белсене қатысу;

б) өндіріс процесінде жұмсалған өндіріс құралдарының орнын толтыру және колхоздардың ұлғаймалы ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін қоғамдық қорлар жасау, сөйтіп, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайта беру үшін және оны онан әрі өркендете беру үшін барлық қажетті жағдайлар жасау;

в) және сайып келгенде, еңбеккүнге мол ақы төлеуді қамтамасыз ете отырып, колхозшылардың жеке табысын колхоз мүшелері арасында бөлу.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті колхоздардың табысын бөлуге орасан зор саяси және шаруашылық маңыз беріп келеді. Колхоздардың табысын дұрыс бөлу артельдің қоғамдық шаруашылығын онан әрі қуатты өркендетуді және осы негізде колхозшылардың материалдық әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік кәсіпорындардағы сияқты, колхоздарда да еңбекке ақы төлеу социализмнің объективтік экономикалық заңдары мен еңбекке қарай бөлу талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Колхозшының қоғамдық шаруашылықта жұмсаған еңбегінің саны мен сапасын ескеретін және осыған сәйкес, колхоздың заттай және ақшадай табысында колхозшының қанша үлесі бар екенін анықтайтын ерекше өлшем еңбеккүн болып табылады. Еңбек өлшемі және тұтыну өлшемі ретінде еңбеккүн колхоз құрылысының тууымен бірге пайда болды, оның дамуымен бірге дамыды, ұсақ буржуазияшыл теңгермешілдікке қарсы күрес үстінде нығайды. Социалистік революцияның барысы мынаны көрсетті: социализмді орнату үшін еңбекшілерді социализмді құруға материалдық жағынан ынталандыру керек. Ал еңбекке ақы төлеудегі теңгермешілдік қызметкерлердің материалдық ынталылығын кері кетіреді, еңбек өнімділігінің артуына тұсау болады.

Озат колхоздардың тәжрибелері мынаны көрсетіп отыр: қоғамдық шаруашылықтың табыстылығы артқан сайын, колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу мөлшері де арта түседі және мұның өзі колхозшыларды материалдық жағынан ынталандырып, олардың өндірістік белсенділіктерін арттырады, еңбек өнімділігінің артуына жағдай туғызады. Мысал ретінде колхоздарда еңбекке ақы төлеу мөлшерінің артуы туралы деректер келтірелік:

	Өлшем единицасы	Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданының «Гигант» колхозы		Солтүстік Қазақстан облысы, Пресновь ауданының, Молотов атындағы колхозы		Өзбек ССР, Орта-сарай ауданының «Полярная звезда» колхозы	
		жылдар 1952	1953	жылдар 1952	1953	жылдар 1952	1953
Барлық ақшадай табыс	мың сом	245,2	1012,5	539,2	1122,5	7157,1	10719,0
1 еңбеккүнге берілген ақша	сом	0,12	1,54	1,12	3,31	4,25	5,70
1 еңбеккүнге берілген астық	кгр	0,5	3,5	1,8	6,0	3,07	3,3
1 еңбеккүнге берілген ірі сабақты жемшөп	кгр	0,5	4,4	2,1	2,2	—	—
Еңбекке қабілетті бір колхозшыға шаққанда өнім өндіру (орта есеп)	еңбек күн	315	356	307	356	275	462

Қоғамдық шаруашылықтың үздіксіз өсуі мен нығаюына жетісіп отырған озат колхоздарда колхозшыларға мол ақы төлеуді қамтамасыз етерлік жағдайлардың бәрі де жасалған. Қоғамдық шаруашылықтан алынатын табыс әрбір колхозшының, әрбір колхоз семьясының жеке материалдық қажеттерін қанағаттандырудың негізгі қайнар бұлағы болып табылады. Мәселен, Өзбек ССР, Орта-Сарай ауданының «Полярная звезда» колхозында колхозшылар табысының негізгі, басым бөлегі қоғамдық шаруашылықтан алынады. Колхоз семьясының жалпы бюджетінде жеке шаруашылықтан түсетін табыстың үлес салмағы 2,9 проценнтен 8,5 процентке дейін-ақ жетеді. Бұл мысал көзір көптеген колхоздарға тән.

Материалдық жағынан қолдау, ынталандыру әдістерінің бірі колхозшыларға заттай және ақшадай аванс беру болып табылады. Колхоз өнімін өндірудің артуы және ауылшаруашылық өнімдерін дайындау, сатып алу бағаларының қымбаттатылуы қоғамдық шаруашылықтың табыстылығын едәуір арттыра отырып, бүкіл шаруашылық жыл ішінде ақша қаражаттарының үздіксіз болып отыруын қамтамасыз етеді. Мұның өзі колхозшыларға тоқсан сайын немесе ай сайын аванс беріп отырудың қайнар бұлағы болып табылады. Колхозшыларға тоқсан сайын және ай сайын аванс беру олардың өндірістік белсенділіктерін күшейтіп, еңбек өнімділігін арттырады, колхозшыларды жаңа, пайдаланылмай келген резервтерді іздестіруге және оларды іске қосуға ынталандырады.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы еңбекке ақы төлеу системасын онан әрі жетілдіре беруге бағытталған бірқатар маңызды шаралар белгіледі. Ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жоспарын асыра орындағаны үшін колхозшыларға қосымша ақы төлеу олардың материалдық ынталылығын арттыруда маңызды бұын болды.

Ауылшаруашылық артелінің негізгі принципі колхоздардың жеке және қоғамдық мүдделерін (жеке мүдделер қоғамдық мүдделерге бағындырылған жағдайда) дұрыс ұштастыру болып табылады. Бұл принципті бұзу коллективтік шаруашылықтың артельдік формасын бұрмалауға әкеліп соқтырады. Мұның өзінде екі тенденцияға, біріншіден, колхозшылардың жеке, көмекші шаруашылықтарын тұмсалауға, екіншіден, қоғамдық мүдделерге жеке-көлденең, колхозшылардың кейбір артта қалған бөлегі арасында жеке меншікшілдік тенденцияның жандануына жол ашуы мүмкін.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті бұл екі тенденцияның екеуіне де қарсы күрес жүргізіп келді және жүргізе береді де. Жеке, көмекші шаруашылық ауылшаруашылық артелінің Уставында көрсетілген мөлшерге сәйкес дамуға тиіс деп партия талай рет атап көрсетті. Қоғамдық шаруашылықпен қатар көмекші шаруашылықтың болуына жол берілуі социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің бүкіл кезеңінде экономикалық қажеттілік болып табылады. Колхозшылардың жеке материалдық керексінулері негізінен алғанда колхоздардың қоғамдық шаруашылығы есебінен қамтамасыз етіледі де, шағын көмекші шаруашылық есебінен толықтырылады. Колхоздардың қоғамдық шаруашылығының жеке көмекші шаруашылықпен салыстырғанда қуатты қарқынмен өркендеуі—коллективтік шаруашылықтың артельдік формасының коммунизмге баратын жолда онан әрі дамуының заңдылығы міне осындай. Тек колхоз өндірісінің жоғары дәрежесі ғана және колхоздардың ұйымдастыру, шаруашылық жағынан күнбе-күн нығаюы колхозшылардың жеке материалдық керексінулерін жан-жақты және неғұрлым толық қамтамасыз ете алады.

* * *

Колхоз құрылысының тәжрибесі мынаны көрсетіп отыр: материалдық ынталылық принципін жүзеге асыру колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі өркендетуге, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайтуға және колхозшы шаруалардың материалдық әл-ауқатын арттыруға қолайлы мүмкіндік туғызады. Материалдық ынтылылық принципін мүлтіксіз қадағалап отыру—партия, совет ұйымдарының аса маңызды міндеті.

К. ШӘКЕНОВ.

Төрт державаның алдағы кеңесі туралы „Дагунбаоның“ пікірлері

ПЕКИН, 16 июнь. (СОТА). «Дагунбао» газеті, төрт державаның үкмет басшыларының алдағы кеңесіне тоқтай келіп, былай деп атап көрсеткен: бұл кеңес пісуі жеткен халықаралық проблемаларды талқылауға міндетті. Бұл кеңестің шақырылуын, деп жазған газет, халықтар бейбітшілікті қорғау ісіндегі маңызды қадам деп қарсы алуда.

АҚШ-тағы «қырғыйқабақ соғысты» және «күш көрсету тұрғысынан» жүргізілетін саясатты жақтаушылар, деп жазған «Дагунбао» бұдан кейін, төрт державаның үкмет басшыларының кеңесін тәртіп мәселелерін шешу жолына түсіруге әрекеттенуде және аса маңызды халықаралық проблемаларды шешуде қиыншылықтар тудыру үшін кеңестің өту мерзімін қысқартуға тырысуда. Ал қару- жарақты азайту, атом қаруына тыйым салу, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру, Азияда және Қиыр Шығыста бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы заңды праволарын қалпына келтіру және басқалары осындай аса маңызды халықаралық проблемалар болып табылады.

«Дагунбао» былай деп атап көрсеткен: алдағы кеңесте «Шығыс Европа елдерінің проблемалары» дейтіндерді және «халықаралық коммунизмнің қиымылы туралы» мәселені талқылау жайында американ мемлекет қайраткерлері қойып отырған талап кеңестің ойдағыдай жұмыс істеуіне жол бермеуге тырысқандық болып табылады, ол сонымен бірге кейбір топтардың агрессияшыл арам ниеттерін бұрынғыдан анағұрлым әшкерелейді.

Дүние жүзінің халықтары, деп жазған газет қорытындысында, өздерінің еркін-ақ көрсетіп, мұның өзі АҚШ-тың билеушілі топтарын келіссөздер жүргізуге келісуге мәжбүр етті. Төрт державаның үкмет басшылары кеңесінің жақсы нәтижелерге жететін болуы үшін алдағы кеңестің жолына АҚШ қойып отырған кедергілерді жою қажет және халықаралық келіссөздер мен ынтымақта жол ашу қажет.

Чанкайшилік қарақшыларды әшкерелейтін документ

ПЕКИН, 16 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды: Қытайдың Халық-азаттық армиясы бір документті қолға түсірді, бұл документ чанкайшиліктердің ашық теңіздегі қарақшылық әрекеттерінің қылмысты сипатын толығымен әйгілейді.

Осы жылғы февральда Наньцзишань аралдарын азат еткен кезде Халық-азаттық армиясы ашық теңізде ұсталған сауда кемелерін тонау кезінде қолға түсірілген олжаны бөлу жөніндегі чанкайшиліктер мәжілісінің протоколын тауып алған. Бұл мәжілісті чанкайшилік бандалардың «35-ші дербес колоннасы» дейтіннің штабы шақырған.

Протоколда былай деп жазылған: тонаудан түскен олжаның 20 проценті тонауға қатысқан офицерлер мен солдаттарға награда ретінде берілуге тиіс. Ал олжаның 20 процентін тонау туралы бұйрық беретін әскери бөлім тонаудан түскен заттарды айналымдағы қаражат ретінде пайдалану үшін алатын болады. Тонауға басшылық ететін чанкайшилік офицерлер ерекше награда ретінде олжаның 5 процентін алады. Қалған 55 проценті чанкайшилік қарулы күштердің «экономикалық комитетінің» қорына берілуге тиіс.

Югославия Халықтық скупщинасының сессиясы

БЕЛГРАД, 16 июнь. (СОТА). 15 июньде Югославия Халықтық скупщинасының сессиясы ашылды. Таңертеңгі мәжілісте одақтық вече мынадай күн тәртібін бекітті:

1. Қауымдықтар мен аудандар ұйымдастыру туралы заң жобасын талқылау;
2. Егін докторының ғылми дәрежесін беру тәртібі туралы заң жобасын талқылау;
3. Халықтық қорғаныс туралы заңды талқылау;
4. Югославияның Халық армиясы туралы заңды талқылау.

Өндірісшілер вечесі: Австриямен және Батыс Германиямен жасалған келісімдерді бекіту мәселелерін және басқа мәселелерді талқылайды.

Бүгін Одақтық вечеңің таңертеңгі мәжілісінде Одақтық атқару вечесі председателінің орынбасары Э. Кардель қауымдықтар мен аудандар ұйымдастыру туралы баяндама жасады.

Югославия Одақтық Халықтық скупщинасының жұмысы аяқталды

В. М. МОЛОТОВТЫҢ ИНДИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БҰҰ-дағы ӨКІЛІ КРИШНА МЕНОНДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

НЬЮ-ЙОРК, 16 июнь. (СОТА). 15 июнь де ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Индия Республикасының БҰҰ-дағы өкілі Кришна Менон мырзаны қабылдады. Әңгіме бір сағатқа созылды. Әңгімеде ССРО-ның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі А. А. Соболев болды.

15 июньнің кешінде ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бастаған ССРО делегациясы БҰҰ Уставына қол қоюдың он жылдығының құрметіне өткізілетін Біріккен Ұлттар Ұйымының мерекелі сессиясына қатысу үшін Нью-Йорктен Сан-Францискоға жүріп кетті.

АНГЛИЯДА СОВЕТ ОДАҒЫНА АРНАЛҒАН ТРАУЛЕРДІҢ СУҒА ТҮСІРІЛУІ

ЛОНДОН, 16 июнь. (СОТА). Кеше Лоустофтегі «Брук марин лимитед» кеме жасау фирмасында Совет Одағының заказы бойынша жасалып жатқан 20 траулердің бірі суға түсірілді. Траулерді суға түсіру салтанатында ССРО-ның Лондондағы сауда өкілдігінің, «Брук марин лимитед» фирмасының және басқа фирмалардың өкілдері Лоустофтың мәрі, сонымен қатар қаланың жұздеген тұрғын халқы болды.

Кемені суға түсірумен байланысты ұйымдастырылған банкетте фирманың басқарушысы Даусетт фирманың және заказ беруші Совет Одағының арасында жолға қойылған өзара тиімді іскерлік қатынастардың маңызды екенін атап көрсетті. Ол осы қатынастар бұдан былай да өрбендеп жақсара береді деген үміт білдірді.

ССРО-ның Англиядағы сауда өкілі В. А. Кәменский жауап сөз сөйлеп, барлық елдермен іскерлік қатынастарды дамыту Совет Одағының саясатындағы принциптердің бірі болып табылатындығын атап көрсетті.

ЖАК ДЮКЛОНЫҢ ФРАНЦУЗ ҮКМЕТІНЕ ҚОЙҒАН ЖАЗБА СҰРАҒЫ

ПАРИЖ, 16 июнь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарлауынша, Француз Коммунистік партиясының ұлттық жиналыстағы тобының председателі Жак Дюкло Алжирдегі жағдайға арналған, Коммунистік партия 14 июньде белгілеген митингке үкметтің тыйым салуымен байланысты оған жазба түрде сұрақ қойған. Жак Дюкло былай деп көрсеткен: үкмет осының нәтижесінде Алжир территориясының бір бөлегінде енгізіліп отырған «төтенше жағдай» дейтін жайындағы заңды митрополияға да қолданып отыр.

БАТЫСГЕРМАНИЯЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП ТОПТАРЫ ССРО-мен ҚАТЫНАСТАРДЫ ОРНАТУДЫ ЖАҚТАП ШЫҒУДА

БЕРЛИН, 16 июнь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, батыс-

Аденауэрдің Вашингтондағы келіссөздері туралы американ шолушысының пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 16 июнь. (СОТА). «Нью-Йорк таймс» газеті өзінің Вашингтондағы тілшісі Рестонның хабарын басқан, бұл хабар канцлер Аденауэрдің Вашингтондағы келіссөздерінің сыйпаты мен мазмұнын әйгілейді. Хабардан көрінін отырғанындай, Вашингтондағы кеңестерде болған талқылаулардың негізгі тақырыбы Совет Одағының канцлер Аденауэрді Москваға келуге шақырған ұсынысы болған, соның өзінде Аденауэр өзінің алдағы уақытта Совет Одағымен жүргізетін келіссөздерінің тәртібін Құрама Штаттармен келісіп алған.

Рестон былай деп көрсеткен: Аденауэрдің бейтараптық концепциясын Батыс Германияға қолдануға болмайтындығы туралы мәлімдемесі Вашингтонды тыныштандырды. «Аденауэр, — деп жазған Рестон, —өзінің батыс одағына берілгендігін айтып, Эйзенхауэр мен Даллесті сендірген».

«Нью-Йорк таймс» газетінің тілшісі бұдан кейін былай деп көрсеткен: бұл кеңесте сонымен қатар Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларының және қайта тұдырылып жатқан вермахт үшін американ қару жарақтарын берумен байланысты мәселелер қаралған. «Батыс-германиялық 12 дивизияны қаруландыра бастауға қатысы бар саяси тәртіп жайында,—деп жазған Рестон,—күшия әңгіме жасалған, бұл дивизияларды құруда Париж және Лондон келісімдері еркіндік беріп отыр. Аденауэр осы әскерлер үшін герман «еріктілерін» жыйнауды көздейтін өзінің жоспарын Эйзенхауэр мен Даллеске баяндаған. Даллес, өз тарапынан, АҚШ-тың осы әскери мақсаттарды қаруландыру программасын жүзеге асыруға әзір екендігіне назар аударған».

Американдар батысгерманиялық армия құруды жеделдетуде

БЕРЛИН, 16 июнь. (СОТА). АДН агенттігінің тілшісі Боннан былай деп хабарлайды: мұнда американ армиясы штабының болашақтағы бастығы генерал Тэйлор Батыс Германияны неғұрлым тез қайта қаруландыру жайында келіссөздер жүргізу үшін келген. Ол герман армиясының бұрынғы генералы Хойзингермен, статс-секретарь Хальштейнмен, еркін демократиялық партияның әскери сарапшысы, герман армиясының бұрынғы генералы Мантейфельмен және басқа ресми адамдармен әңгімелескен.

Соғыс өнеркәсібінің бірқатар ірі кәсіпорындары басқармаларының немесе кадрлар қалау советтерінің мүшесі доктор Бестрикпен де кездескен.

Жоғарыда аталған әңгімелерден бұрын Тэйлор Батыс Германиядағы соғыс жоспарлауының американ тобының басшысы генерал Брэдлимен келіссөздер жүргізген.

ДПА-ның хабарына қарағанда, Батыс Германияны неғұрлым шапшаң қайта қаруландырумен байланысты мәселелердің үстіне, алғашқы батысгерманиялық нұсқаушылар кадрларын американ мамандарының оқытуы туралы да мәселе талқыланған.

Түрк президентінің Ливанға келуі

БЕЙРУТ, 16 июнь. (СОТА). Туркияның президенті Джеляль Баяр қасына ерген премьер-министрі Аднан Мендересмен және басқа жоғары дәрежелі адамдармен бірге бүгін ресми сапармен Бейрутқа келген.

Баярдың келген сапарымен байланысты қандай да болса дүшпандық қиымылдарға жол бермеу үшін Бейрутта және Ливанның басқа да қалаларында қатаң полицейлік шаралар қолданылған.

«Телеграф» газетінің хабарлауынша, полиция осы газеттің иесі және бас редакторы Насиб Метниді «жұртшылық пікірін қоздырды» деп айыптап, тұтқынға алған.

Кеше «Телеграф» газеті басмақалада былай деп көрсетті: «түрк президентінің бұл сапары туркия-ирак-англия соғыс одағымен байланысты емес деп ешқандай күш ливан халқының көзін жеткізе алмайды».

Газеттердің хабарларына қарағанда, кеше президент Баярдың келуі құрметіне Ливанның үкмет орындары орнатқан салтанат аркаларының бірін белгісіз адамдар өртеп жіберген.

«Ан-Нахар» газеті былай деп хабарлайды: кеше Ливанның президенті Шамун Англияның Ливандағы елшісі Чэпман- Эндрюсті қабылдап, онымен мәселелер талқылаған, бұл мәселелер Баярдың және Ливан мемлекет қайраткерлерінің арасында жүргізілетін келіссөздердің тақырыбы болмақ. Англия үкметі, деп жазған газет, президент Шамунның «араб елдерін Туркиямен жақындастыруға» бағытталған саяси бағытын қолдап отыр».

Франциянын сыртқы саясаты туралы Филипп Баррестің пікірі

АМЕРИКАН СЕНАТОРЫ МЭНСФИЛДТІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ВАШИНГТОН, 17 июнь. (СОТА). Сенатор -демократ Мэнсфилд (Монтан штатынан) сенатта АҚШ төрт державаның кеңесіне «сабырлылық позициядан» келуге тиіс деп мәлімдеген.

«Біз кеңеске өте-мөте зор маңыз беріп жібермеуге, немесе, оның маңызын бағалаған қоймауға да тиіс емеспіз,—деген Мэнсфилд. —Бүкіл дүние жүзі бұл кеңестің барысына терең ықпас қойып отыр, сонымен бірге ешбір халық бізден артық мүдделі болып отырған жоқ. Біз басқа елдермен бейбіт тұра алатын болуымыз үшін олармен әңгімелесуге тиіспіз».

Келісімге өзара келісушілік арқылы қол жетеді, —деп атап өткен Мэнсфилд.

Мэнсфилд мынаны атап өткен: «Егер біз келіссөздерді тізе бүгумен теңейтін болсақ, егер біз әрбір әрекет бет алды қорқыту немесе қарулы күш көрсету арқылы жүргізілмесе қиымылсыз қалу ақтісі болып табылады деп есептейтін болсақ» кеңес өз нәтижесін бере алмайды.

——000——

ҚАЗАҚ ССР ПРОКУРАТУРАСЫНДА

Соңғы кезде республиканың прокуратура органдары жүгері егу кезінде мемлекетті алдағаны және агротехниканы өрескел бұрмалағаны үшін бірқатар қызметкер адамдарды бас жауапкершілікке тартты және істерін сотқа берді.

Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Сұлукөл МТС аймағындағы «Красная звезда» колхозында МТС агрономы А. Г. Сколенконың басшылығы мен жүгері еккен кезде агротехникалық талаптардың өрескел бұрмалануына жол берілген. Мұнда жүгері бидай сеуіне арналған кең қатарлы сеялкамен себілген, осының салдарынан 200 гектар алаңға егілген жүгері тұқымының жартысынан астамы жер бетінде қалып қойған, ал қалған тұқым небары 2-3 сантиметр терендікке сіңірілген. 200 гектар жүгері егісі жарамсыз деп табылып, бұл жерге егіс қайта егілді.

Өз міндетін орындауға қылмысты түрде салқын қарағаны үшін агроном А. Г. Сколенко сотқа берілген болатын. Шыңғырлау ауданының халық соты оны бір жыл мерзімге еңбек түзеу жұмысында істеуге, тапқан еңбекақысының 25 процентін мемлекет кірісіне ұстап қалып отыруға үкім етті.

Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданындағы «Придорожный» совхозының директоры М. П. Шарап жүгері еккен кезде көз бояушылық —мемлекетті алдау жолына түскен.

10 майға дейін М. П. Шарап жоғарыда орындарға совхоз 590 гектар алаңда жүгері екті деп мәлімет берген, ал бұл кезде мұнда бірде- бір гектар жүгері себілмеген болатын. 15 майда М. П. Шарап совхоз 630 гектар жүгері екті деп хабарлады, ал 17 майға дейін жоспар бойын-

БЕЛГРАД, 17 июнь. (СОТА). Кеше Югославия Одақтық Халықтық скупщинасы одақтық вечесінің мәжілісінде қауымдықтар мен аудандар ұйымдастыру туралы, ғылым докторының ғылми дәрежесін беру тәртібі туралы, Югославия Халық армиясы туралы және халықтық қорғаныс туралы заңдар қабылданды.

Армия туралы заңда Югославия Халық армиясына басшылық туралы, оның адам құрамы туралы, әскери атақтар мен міндеттер туралы, тұрақты және резервтік құрамдарды толықтыру тағы басқалары туралы бөлімдер бар.

Мұнда армияны толықтырудың, әскери атақтар берудің тағы басқаларының тәртібі туралы егжей-тегжейі айтылады.

Халықтық қорғаныс туралы заң қорғанысқа әзірлік кезінде ЮФХР-дің барлық адам және материалдық күштерін ұйымдастырудың және жұмылдырудың әдістерін, мемлекеттік ұйымдардың, мекемелердің, шаруашылық және елді қорғанысқа әзірлеу мәселелерімен шұғылданатын қоғамдық ұйымдардың міндеттерін белгілейді.

Заңдар қабылданғаннан кейін скупщина өз жұмысын аяқтады.

ЮГОСЛАВИЯНЫҢ 1955 ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ АЙЫНДАҒЫ ЭКСПОРТЫ

БЕЛГРАД, 16 июнь. (СОТА). Югопресс агенттігінің хабарлауынша, Югославияның 1955 жылдың төрт айындағы жалпы экспорты өткен жылдың тиісті кезеңіндегі 19.128 миллион динардың орнына 19.558 миллион динар болған. Өнеркәсіп өнімдерінің экспорты 11.828 миллион динарға, ал ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 7.640 миллион динарға жеткен.

ТӨРТ ДЕРЖАВАНЫҢ ҮКМЕТ БАСШЫЛАРЫНЫҢ АЛДАҒЫ КЕҢЕСІ ЖАЙЫНДА

ПАРИЖ, 16 июнь. (СОТА). Париж баспасөзінде хабарлар жарияланып, бұл хабарларда былай деп көрсетілген: үш батыс державасы төрт державаның кеңесін Женевада шақырудан бұрын Солтүстік-Атлантикалық одақ советінің кезектен тыс сессиясын өткізуге ұйғарды. Сессия 16 июльде Парижда өткізілетін болып белгіленді.

Индияның парламент делегациясы мүшесінің ССРО-ға барған сапары туралы пікірі

ДЕЛИ, 16 июнь. (СОТА). «Индиан Экспресс» газеті өзінің Лондондағы тілшісінің Совет Одағында болған Индия парламенті делегациясының мүшесі Алгу Рай Шастримен жасаған әңгімесін жариялады.

Шастри атап айтқанда, былай деп көрсеткен: біздің Совет Одағында көргендеріміздің бәрі Совет Одағы бейбітшілікті басқаның бәрінен көбірек тілеп отырғандығына сенуге мүмкіндік береді. Біз көп жерді аралап саяхат жасадық, көп нәрселерді, соның ішінде, заводтарды, мектептерді, оқу орындарын, тұрғын үйлерді, пионер сарайларын көрдік. Біз көптеген адамдармен ешбір іркілместен әңгімелесіп, сөйлестік.

Шастри және былай деген: «егер орыс халқы бейбітшілік туралы айтып, соны ойлап отырған болса, мұның себебі оның әлсіздігінен емес, қайта бейбітшілікке ұмтылып отырғандығынан».

Индияда Гоаны азат ету жолындағы қозғалыс өрістеуде

ДЕЛИ, 16 июнь. (СОТА). «Индиан Экспресс» газетінің хабарына қарағанда, кеше Делиде әртүрлі саяси партиялар өкілдерінің кеңесі болып, онда Гоадағы бейбіт қарсыласу қозғалысын қолдау жөнінде комитет құрылған. Кеңесте шығыс сөйлеушілер Гоаны Индия жерінің біртұтас бөлегі екендігін, сондықтан Индияның өз территориясында Португалияның отаршылдығына төзе алмайтындығын атап көрсетті. Комитет Гоаны азат ету жолындағы күресті қолдауға халықты жұмылдыру мақсатымен митингтер өткізген.

Даманда Португалия өкімет орындары, деп жазады газет, бейбіт қарсыласу қозғалысына қатысушыларға оқ атудан бастартқан 20 африкалық солдатты атып өлтірген.

германиялық металлургия өнеркәсіп бірлестігінің баспасөз бөлімінің басшысы Эрнст Шредер былай деп мәлімдеген: «Федералдық Республиканың металлургия өнеркәсібі Совет Одағымен сауда қатынастарын қайтадан бастауға мүдделі болып отыр. Мен, деген ол, оңды сауда қатынастарын орнату сонымен бірге Федералдық Республика мен ССРО арасындағы қатынастарда болып отырған шиеленісті бәсеңдетуге де көмектеседі деп санаймын. Сондықтан кезіргі саудадағы шектеуішілікті жою және оңды товар айналымын орнату — неміс халқының ғана емес, сонымен бірге барлық халықтардың да мүдделеріне сай келеді. Дүниежүзілік бірінші және екінші соғыстың аралығындағы дәуірде ССРО мен Германия арасында қалыптасқан экономикалық қатынастар металлургия өнеркәсібінің топтарында ең жақсы әсерлер қалдырған болатын».

ФРАНЦИЯДА БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БЕЙБІТШІЛІК АССАМБЛЕЯСЫНА ӘЗІРЛІК

ПАРИЖ, 17 июнь. (СОТА). Француз журтшылығы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Ассамблеясына белсенді әзірленуде. Фабрикалар мен заводтарда, елді пункттер мен қоғамдық ұйымдарда Ассамблеяға делегаттар ұсынылуда, олардың арасында әртүрлі мамандықтағы және саяси сенімдегі адамдар бар. Мәселен, Изер департаментінен Ассамблеяға муниципальдық кеңесші-социалист пен ғалым, Бош-Дю-Рон департаментінің журтшылығынан Ла—Сьота қаласы муниципальдық советінің мүшесі, социалист Элиза Сэб, депутат-коммунист Поль Сермолакс және бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысына белсенді қатысушы Вероник қатысады. Жазушылардың ұлттық комитеті Хельсинкиге өздерінің делегаттарын жіберуге ұйғарды.

БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

ЛОНДОН, 16 июнь. (СОТА). Баспасөздің хабарларына қарағанда, Англияның қара жұмыстағы жұмысшылары мен коммуналдықтарының 800 мыңнан аса адамды біріктіріп отырған ұлттық кәсіподағының жыл сайынғы конференциясында кеше төрт державаның алдағы келіссөздерін құттықтайтын хабар бірауыздан қабылданған. Төрт державаның үкмет басшыларының кеңесін шақыру туралы қарар қабылданғаны конференцияның қарарында «бейбітшілік жолындағы маңызды қадам» деп сыйпатталған.

Қарар жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салуға шақырған.

ПАРИЖ, 16 июнь. (СОТА). «Монд» газетінде Ұлттық жыйналыстың депутаты Филипп Баррестің мақаласы жарияланған «ол француз саясатының бес жылдан аса уақыт бойы батыс ынтымағының мүддесі үшін бүтіндей енжарлық халде болып келгендігіне» қатты наразылық білдірген. «Біздің елдің мүдделерін қорғау құралдары жөнінде, — деп жазған Баррес, —біздің одақтастарымыз, біздің өзіміздің кері жақсы судьялар болып табылады деп саналып келді». Баррестің айтуынша, мұның өзі іс жүзінде мынаған әкеліп соқтырды: Франция Батыс Германияны қаруландыруға қарсы тұра алмады, Европада өзіне тиімді позиция ұстай алмады және отарлардағы қыйыншылықтарды реттей алмады, сонымен қатар «Москвамен тікелей келіссөздер жүргізе» алмады.

Мұндай саясаттың Францияның ұлы держава ретіндегі дәрежесін нашарлатқаны жөнінде өкініш айтып, Баррес енді-гі жерде «Парижға бұрыннан гөрі анағұрлым аз құлақ қоятын болады» деп хауіптенетінін білдірген.

Мақаланың авторы, әсресе француз дипломатиясының халықаралық қатынастарда инициативадан айрылғанына наразылық білдірген.

Отаршыл державалардың Индонезиядағы тіміскілеу әрекеттері

ДЖАКАРТА, 16 июнь. (СОТА). Баспасөздің хабарларынан көрініп отырғанындай, отаршыл державалар Индонезияның ішкі істеріне араласуын күшейтуде. Мұның өзі әсресе Индонезияда бүлдіру әрекеттерін ұйымдастырып келген, жуырда Индонезия үкмет орындары тұтқынға алған бір топ голландиялықтарды сот жауабына тарту мен байланысты айқын болған. Батыс Явадағы бандалардың негізгі басшысы— голландиялық юнслагерге Джакартада сот жасалып жатқан көрінеді.

Бүгін Индонезия Сыртқы істер министрлігінің мәлімдемесі жарияланып, онда былай делінген: Индонезия үкметі елдің әртүрлі аудандарындағы голландиялықтардың бүлдіру әрекеттерін көрсететін, бұл қаруға болмайтын айқатарды қолына түсіріп отыр. Мәлімдемеде былай деп көрсетілген: Голландия үкметі Оңтүстік-Молукка аралдарын Индонезиядан бөліп әкету мақсатымен әрекет жасаушы әртүрлі элементтерді көтермелеп отыр. Сыртқы істер министрлігі батыс Иранда қатал старлық тәртіптің әлі де сақталып отырғанын атап көрсеткен.

АҚШ-та атом қаруын жанталаса өндіруге шақырған үндер таратылуда

НЬЮ-ЙОРК, 16 июнь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісінің хабарына қарағанда, сенатор Генри Джексон өзі басқарып отырған конгрестің атом қуаты мәселелері жөніндегі көмекші комиссиясы жарылғыш атом заттарын өндіретін заводтардың американ системасын жаңадан ұлғайтуды ұсынады деп мәлімдеген.

Көмекші комиссияның бұл қарары, Джексонның көрсеткеніндей, атап айтқанда, «АҚШ әскери басшыларының ядролық материалдарды пайдаланудың жаңа әдістерін жасап жатқандығынан» туған. Джексон және былай деген: әскери басшылар көмекші комиссияда жасаған мәлімдемелерінде АҚШ-тың атомдық-өндірістік қуатын онан әрі ұлғайтуды талап етіп келді.

АҚШ ЧАНКАЙШИЛІКТЕРГЕ СОҒЫС КӨМЕГІН КҮШЕЙТУДЕ

ПЕКИН, 17 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарлауына қарағанда, американдық Интернейшнл Ньюс Сервис агенттігінің мәліметі бойынша, Тайваньдағы «американдық әскери кеңесшілер тобының» саны екі есе арттырылып, 2700 дам болмақ. Бұл «кеңесшілер», хабарлауға қарағанда, «Тайваньдағы американ және чанкайшилік соғыс авиациясының бірлесіп пайдалануларына арналған соғыс базаларын жетілдіре түсуге» тікелей қатысатын болады.

ЛАОСТАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 17 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Ханойдан былай деп хабарлайды:

Вьен-Тьян радиосының хабарлауына қарағанда, Лаостағы бақылау және тексеру жөніндегі халықаралық комиссия корольдік Лао тян үкметі мен Патет-Лаонің қарулы күштерін саяси конференцияның жұмысын қайтадан бастауға және Лаостағы саяси проблемаларды тезарада реттеуге байланысты келіссөздерді жаңадан бастауға шақырған.

ры 214 гектар ғана жүгері егілген.

Мемлекетті алдағаны үшін «Придорожный» совхозының директоры М. П. Шарап РСФСР қылмыс заңының 109-статьясы бойынша бас жауапкершілігіне тартылды. Іс Батыс Қазақстан облыстық сотының қарауына жіберілді.

Қазақ ССР прокуроры Набатов жолдас республика прокуратура органдарына жүгері егісін баптап- күту кезінде агротехникалық ережелерді бұрмалау фактілеріне қарсы күресті күшейту және бұл істе айыпты қызметкерлерді сезсіз бас жауапкершілігіне тарту туралы нұсқау берді. Бұл категориялы істерді бес-он күн мерзім ішінде зерттеу және соттардың ол істерді неғұрлым тез қарауын қамтамасыз ету ұсынылды.

ХРОНИКА

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Василий Иванович **Иванов** жолдасты ССРО-ның Корей Халық- Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі етіп тағайындады.

* * *

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Сергей Петрович **Суздалев** жолдасты, басқа жұмысқа ауысуымен байланысты, ССРО-ның Корей Халық -Демократиялық Республикасындағы Төтенше және Полномочиелі Елшісінің міндетінен босатты.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Кинолларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«РИО ЭСКОНДИДО»

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«БЕЗЫМЯННЫЙ АРАЛЫ»

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 10-30-да басталады.

Июньнің 8-нен 9-на қарағанда түнде Петропавл ет совхозына қарасты құс фермасының мал жайылымынан 8 жасар кер аты, және 9 жасар қарагер аты жоғалды.

Көрген- білгендер болса, Петропавл ауданындағы Якорь поселкесіне хабарлаулары сұралады. Телефон 7—76.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редакторлың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп- транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00805. **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.**